



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№23

(855)

11 маусым

2021 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

БАҒА

ҰШТЫ, ҰШТЫ КАРТОП «ҰШТЫ»

	АЛТЫН ОРДА БАЗАРЫ (төңге)	АЛМАТЫ ДҮКЕНДЕРІ (төңге)
КАРТОП	260	319
СӘБІЗ	450	500
ҚЫЗАНАҚ	400	599
ҚЫЗАНАҚ (ТӘШКЕНТ)	650	799
ҚИЯР	260	275
ҚЫЗЫЛША	360	475

АЙМАҚТАРДА

	КАРТОП	СӘБІЗ	ҚЫЗАНАҚ
АҚТӨБЕ	400	430	650
СЕМЕЙ	300	500	600

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әли МҰХАМЕДҚОЖА,
саудагер:

«Көкөніс бағасы күннен-күнге қымбаттап жатыр. Былтырғы бағадан бірнеше есе өсті. Мысалы, былтыр осы мезгілде картопты «Алтын Орда» базарынан 110-120 төңгеден алып, үстіне 10 төңге ғана қосып саттым. Бүгін 260 төңгеден алдым, бұған көп қоса алмаймын. Өйткені қарапайым халықтың қалтасы көтермейді. Бағаны көп қоссаң, алушылар рәнжиді. Оларды да түсінуге болады. Сөбебі қазір көп адам тамақ үшін ғана жұмыс істейді. Бізге көкөніс өнімдерінің арзан болғаны тиімді».



Бақыт СҰЛТАНОВ,
Сауда және интеграция министрі:

«Былтыр картоп жалпы экспорт көлемінің 19 пайызын құрады. Бұл нарық тапшылығына әкеліп соқты. Осыдан кейін маусымаралық уақытта картопты импорттау қажеттілігі артады. Бұл жағдай жыл сайын қайталанады. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы мәселеге қатысты жүйелі шешім қабылдауға шақырғанымен, жергілікті атқарушы органдар тиісті шара қабылдамай отыр. Былтыр картоп экспортына тыйым салу арқылы ғана баға тұрақтандырылды. Биыл төмен бағамен экспортталған (69 мың тонна) отандық өнім қордың 3 есе қысқаруына (903 мың тоннадан 330 мың тоннаға дейін) әсер еткен».

Сапархан ОМАРОВ,
Ауыл шаруашылығы министрі:

«Бізде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер картоптың әр келісін 200 төңгеден сатады. Үстіндегі бағаны алыпсатарлар мен супермаркеттер қосып отыр».

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Соңғы уақытта ЛГБТ өкілдері ерекше белсенділік танытып кетті. Әсіресе, 8 наурызда Алматыда өткізген митингден кейін, бұлар бас жібін алғандай, еркін әрекет етіп жүр. Өткен аптада ғана қазақтың қаймағы Шымкентке барып, ойларына келгенін істерісі келген. Қала тұрғындары азғындардың жолын кесті. Дегенмен мұнымен тоқтайтын түрі көрінбейді. Осы орайда біз ұлт жанашыры, белгілі қаламгер, ардагер журналист Марат Тоқашбаевты әңгімеге тарттық.

Марат ТОҚАШБАЕВ:

ҚАЗАҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАСАМПАЗДЫҚҚА БАСТАЙДЫ, АЛ ЛГБТ АЗҒЫНДЫҚҚА АПАРАДЫ



Jas qazaq: Марат аға, қоғамда ЛГБТ деген атау қалыптасты. Бұлар кімдер: ақыл-есі ауытқыған адамдар ма, әлде арнайы жасалған саяси мүдделі топ па?

М.Тоқашбаев: ЛГБТ деген не? Бұл төрт түрлі атаудың бас әріптерінен қысқартылып алынған сөз. Л – лесбий, г – гей, б – бисексуал, т – трансгендер сөздерінің бас әріптерінен алынып, осылай біріктірілген. Жасыратыны жоқ, бұлар өздерін ашықтан-ашық жарнамалап жүр. Сол үшін оқырмандарға түсіндіре кетейін. Лесбий – әйел мен әйелдің одағы. Бисексуал – әрі еркек, әрі әйел бола беретіндер. Гей, яғни гомосексуалдар – еркек пен еркектің жұбы. Ал трансгендер – жыныс мүшесін ауыстырғандар. Бұлар – психологиялық ауытқушылығы бар адамдар. Ерлер өздерін әйелмін, әйелдер өздерін еркекпін деп сендіреді. Тіпті ота жасатып, жынысын ауыстырып жатады.

Бұлар жанадан пайда болған адамдар емес. Тарихта бұрын да болған. Мәселе бұлардың қашан пайда болғандығында емес. Түйікті ЛГБТ өкілдерінің күш алып бара жатқандығында. Басты мақсаты – қатарын көбейту, қарасын молайту. Олардың ойынша, саны көбейсе, сөзі өтімді болады, қоғамға ықпалы артады-мыс. Сондықтан бұлар шамасы келгенше, дауысы жеткен жерге дейін ЛГБТ-ның насихатымен айналысалады.

Jas qazaq: Бұлар өздерін ақтау үшін гейлер бұрын да болған, лесбияндар тарихта салтанат құрған деген қиялдан аңыз құрап алатын сияқты ғой.

М.Тоқашбаев: Алдымен мына сұраққа толық жауап берейін. ЛГБТ өкілдері кімдер? Бұлар ауру ма, әлде психологиялық ауытқушылығы бар адамдар ма? Осы жөнінде көп ойланып, зерттеу жасап көрдік. Соңғы 2-3 жылдан бері бұлардың тамыры қайда, бұларға қалай қарсы шығуға болады деген сауал негізінде ЛГБТ өкілдерін зерттей бастадым. Бұрын бұларды мен ауру, дерт деп есептейтінмін. Ал ғалымдар зерттеп, мұнын ауру емес екенін айтты. Мысалы, гомосексуалдар туа бітті емес, жолай пайда болатын азғындық деп түсіндіреді.

Енді сіздің сұраққа келсек. ЛГБТ қауымдастығында логика жоқ. Сіз айтқандай, олар өздері аңыз құрап, жұртты соған сендіргілері келеді.

(Жалғасы 3-бетте)

ЛЕБІЗ

ОҢ ЖОЛ



Өмір – теңіз, Адам – қайық ескен пенде. Осы кітап кіндік қаны тамған топыраққа деген жан махаббаты, жақсы адамға деген іңкәр сезім дер едім. Балыққа қатысты жүз мақал-мәтелдің басын қосып, тізімін берсе, соның біреуін ғана мысалға келтірейін – «Шортан аудан қорықпас, кедей мұңнан қорықпас». Бұл – тізімнің ең басында тұрған нақыл сөз. Өз балығымызды өзіміз аулайтын кезге жеттік, заман тәуелсіз, ұлт бостан, өз қайығымызды өзіміз есіп жүрміз.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
72,42

DOLLAR
427,13

EURO
522

РУБЛЬ
5,89

КӨРШІ ДЕ АЛАҢДАЙДЫ



Әлішер
ҚАДЫРОВ,
Өзбекстан
парламентінің
депутаты:

«Өзбектер жаңарып, дүниетанымын өзгерте алады. Бірақ еркек пен еркектің қосылуын өзбек қоғамы қабылдай алмайды. Жүз жыл, тіпті мың

жыл өтсе де, бәрібір біздің қоғам ЛГБТ-ға қарсы. Өз басым бұған сенімдімін.

Оларды мойындамайтын, тықсыратын, күш көрсететін қоғамда өмір сүруге мәжбүрлеудің қажеті не? Мен күш қолдануға қарсымын. Бірақ біздің қоғамда оларды қалдыруға болмайды. Осы мәселені шешу керек. Менің ойымша, бұларды елден шығару керек. Бұл әлемде бар тәжірибе. Осы тәжірибеміз 26 мемлекет қолданып отыр. Тіпті Иран мен Біріккен Араб Әмірліктерінде оларға өлім жазасы қарастырылған».

БИЛІК

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ОРЫНДАЛУДА



ЖОЛДАУ -2020
ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың
«Жаңа жағдайдағы Қазақстан іс-қимыл кезеңі»
Жолдауы 1.09.2020 ж.

АЙТЫЛДЫ:

«**2021 жылдың өзінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 700 мың салымшысы өз жинағының бір бөлігін тұрғын үй алуға, емделуге жұмсай алады немесе басқарушы компаниялардың иелігіне береді. Үкіметке Ұлттық банкпен бірлесіп, осы жылдың соңынан дейін барлық қажетті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдап, дайындық жұмыстарын жүргізуді тапсырамын.**».

ОРЫНДАЛДЫ:

- **16075 қарыз алушы** бұған дейін банктерден тұрғын үйлері үшін алған жалпы сомасы **62 миллиард 41 миллион теңге** ипотекалық қарызын толық өтеді.
- **47133 қарыз алушы** жалпы сомасы **144 миллиард 53 миллион теңге** болатын тұрғын үй ипотекалық қарыздарының бір бөлігін өтеу үшін біржолғы зейнетақы төлем жүйесін пайдаланды.
- **8889 қарыз алушы** банктерден жалпы сомасы **150 миллиард 361 миллион теңге** болатын тұрғын үй ипотекалық қарыздарын алу үшін алғашқы жарна ретінде біржолғы зейнетақы төлемі қаражатын пайдаланды.
- Банктер бойынша ең көп қарыз алушы «Отбасы банк»



акционерлік қоғамында тіркелген. Олардың жалпы саны – **37228**. Біржолғы зейнетақы төлемін пайдалану арқылы тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша берілген жаңа тұрғын үй ипотекалық қарыздарының мөлшері – **125 миллиард 29 миллион теңге**.

– «Сбербанк» АҚ ЕБ – қарыз алушылар саны бойынша екінші орында. Олардың жалпы саны – **11483**. Одан кейін «Қазақстанның Ұлттық Банкі» акционерлік қоғамынан – **9488** және «БанкЦентрКредит» акционерлік қоғамынан – **8432 адам қарыз алған**. Аталған банктерден біржолғы зейнетақы төлемін пайдалану арқылы жаңадан алынған тұрғын үй ипотекалық қарыздарының мөлшері – **23 миллиард 167 миллион теңге**.

Аптаның алаңы



Наталья ГОДУНОВА,
Есеп комитетінің төрайымы:

«Қазақстанның мемлекеттік қарызы 20 трлн теңгеден асты. Бұл шекті мөлшерден де жоғары. 2014 жылы мемлекеттік қарыздың қауіпсіз шегі жалпы ішкі өнімнің 22 пайызын құрап еді. Алайда жылдан-жылға бұл көрсеткіш есіп жатыр. Қазір 29 пайызға жетті. Мұндай жағдайдың қалыптасуына болжамдағы қателіктер, жобаларды жеткіліксіз қаржыландыру, орындау кезінде қаржылық тәртіптің болмауы әсер етуде».

Жол


АҚЫЛЫ ЖОЛДАҒЫ ТӨЛЕМ

(2021 жыл/1 шақырым)



жеңіл автокөлік	1 теңге
жүк көлігі	5–25 теңге (жүк көтергіштігі есепке алынады)
автобус	5–15 теңге (орын санына қарай)
* Халықаралық және жергілікті рейстер төлемнен босатылады	

Аптаның сауалы



❗ **Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:**

«**2020 жылы еліміздің мемлекеттік қарызы ұлғайып, ЖІӨ-нің 29,5 пайызын құрады. Бұл жаңа экономика тұжырымдамасында бекітілген көрсеткіштен (27%) асып түсті. «Қызыл сызықтан» өтіп кеткенімізді түсінесіздер ме?»**

❗ **ЖАУАБЫ:**

Ерұлан ЖАМАУБАЕВ, қаржы министрі:

«Бізде табыстың үш көзі бар. Біріншісі – экономикадан, яғни өкімшіліктендіру мен цифрландыруды жақсартудан түседі. Екіншісі – Ұлттық қор. Үшіншісі – қарыз алу. Егер бюджет табысы артса, өрине, Ұлттық қордан алынатын ақша мен мемлекеттік қарыз көлемі азаяды».

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Бұл түсінікті жәйт. Сіздің және Годунованың (Н.Годунова, Есеп комитетінің төрайымы) баяндамасынан бюджет негізінен екінші және үшінші көздің есебінен толатыны байқалады. Ал біріншісі ше? Экономикадан түсетін табысты арттыруға күш салу қажет. Біз Ұлттық қордағы ақшаға қайта-қайта жармасып, сырттан қарыз ала бермейтін шығармыз?!»

Кесте

ШТЕЛГЕ КӨШКЕНДЕР

2021 ЖЫЛ, ҚАҢТАР-НАУРЫЗ



БАРЛЫҒЫ	– 5,5 МЫҢ
Ресей	– 4413
Германия	– 745
Израиль	– 70
Польша	– 41
Өзбекстан	– 36
Беларусь	– 34
АҚШ	– 32
Басқа елдерге	– 148

Әлеумет.т⁰


ТУҒА ТІЛ ТИГІЗІП, ОҢАЙ ҚҰТЫЛДЫ

4 маусым – елімізде мемлекеттік рәміздер күні. Жыл сайын кең көлемде, ел болып атап өтіп, мемлекеттіліктің нышаны – Елтаңба, Әнұран, Туды қастерлеп, құрметтеу жөнінен жоспарлы іс-шаралар өтеді. Биыл да солай болған. Осы мерекенің ертеңінде Павлодар облысы Павлодар аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын хабарласып, «dmitrikolomin8194» деген аккаунтпен әлеуметтік желі қолданушысы инстаграмда мемлекеттік рәміз - Туға тіл тигізіп қорлағанын айтқан. Арызданушы мемлекеттік рәмізді қорлағаны үшін аккаунт иесін жауапқа тартуды сұрады. Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері Павлодар ауданы Ефремовка ауылының 38 жастағы тұрғынын анықтады. Айыбын мойындаған адам бұл әрекетін мастығымен түсіндіріп, көпшіліктен кешірім сұрады. Тәртіп сақшылары ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабы, 1-бөлігі бойынша ұсақ бұзақылық деген іс қозғап, материалдарды сотқа жолдаған. 6 маусым күні онлайн өткен соттың қорытындысы бойынша жасаған бұзақылығына «шын өкінетін» тәртіп бұзушыны жазалап, бір (!) тәулікке қамады.

2015 жылы Шымкент қаласындағы бір мекеме жұмысшыларының ағаштан түскен жапырақты туға салып тасығанын көрген көпшіліктің қаны басына шауып, абын-күбін әңгіме болған. Көптің ашуынан ықты ма, тиісті мекемелер дереу іске кірісіп, айыптыларды анықтады. Қылмыстық кодекстің 372-бабына сәйкес, мемлекеттік рәміздерді қорлау ісі бойынша 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салатындарын, болмаса түзеу жұмыстарына тартатындарын айтты. Елдігіміздің нышаны, Тәуелсіздігіміздің тұмары, еркіндігіміздің символы қыран құстың алтын күнді аркалап алып, зенгір көктеп қалықтап бара жатқаны бейнеленген байрағымызды жұмысшылар қасақана қорламағандарын, «қоқыстың астында жатқан жерінен тауып, соны төгуге апардық» деп ақталғандай болды.

Қалай ақталса да, Туды аяққа таптап қорлағаны белгілі.

Кайбір жылы хоккейшілеріміз жеңісті мұз үстінде мерекелейміз деп көк туымызды жерге тастап кеткенін де көргенбіз. Әлемдік, халықаралық сайыстарда спортшыларымыз оза шауып, жеңіске жету құрметіне деп әнұранымызды қосқанда ауыстырып жібергенге де бойымыз үйреніп алды. Жарайды, бұл енді техникалық ақаудан деп өзімізді алдарқатармыз. Ал енді мемлекеттік нышанымызбен қоқыс тасып, туымыз туралы былапыт сөздер айтып қорлайтындарды әкімшілік жауапқа тартып, бір тәулікке қамаумен тезге сала аламыз ба?

Ата занымыздың 317-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын немесе Мемлекеттік Әнұранын қорлау 200 айлық есептік көрсеткіштен 1000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны» жазылған. Бірақ мұндай қатандық Ефремовка тұрғыны секілді бейбастакты тезге салуға жұмсақтық танытып тұр. Мемлекеттік рәміздерді қорлауға қатысты жазаның салмағын ауырлатып, күшейтпесе, алдағы уақытта да «көзсіз батырлар» шығып, мемлекеттік нышанымызды қорлаудың бұдан да сорақысын көрсетуі бек мүмкін. Өйткені олар есерлік істеп тұтылса, әдеттегідей көпшіліктен кешірім сұрап, бірер тәулік көгенделіп, азын-аулақ айыппұлдан аркалап-ақ құтылып кететініне сенімді.

Қуаныш РАХМЕТ

Аптаның айтары



«**ӨТКЕН ЖЫЛЫ «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ» БОЙЫНША 1 ТРЛН ТЕНГЕГЕ ЖУЫҚ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ. БҰЛ – АДАМДАРДЫ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ ТӨМЕН ЖӘНЕ АҚЫСЫ АЗ УАҚЫТША ЖҰМЫСҚА ТARTУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛ. ЖОБАЛАРДЫҢ 86 ПАЙЫЗЫ АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ. «ЕҢБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ ДА ДӘЛ СОНДАЙ. ЖАЛҒАН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ КЕЙ АЙМАҚТА 13-17 ПАЙЫЗҒА ЖЕТЕДІ. ШЫН МӘНІНДЕ, ЖҰРТТЫ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕҢГЕЙІ 40 ПАЙЫЗҒА ДА ЖЕТПЕЙДІ. МҰНДАЙ КӨРСЕТКІШ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ТЕТІПІНІҢ ДҰРЫС ЕМЕС ЕКЕНІН КӨРСЕТЕДІ».**

Айқын ҚОҢЫРОВ,
Мәжіліс депутаты

Жазылған жайдың жаңғырығы

КӨШТІ ҚОЗҒАҒАН МАҚАЛА

Таяқтың екі ұшы болатыны сөзсіз. Жәш те сондай. Жақсы жағы да, жағымсыз тұсы да бар. Бірақ мұның бөріне уақыт өмші. «Мәскеу бір күнде

салынған жоқ» деген әңгіменің көрі бұл. Оның үстіне, өлі көшіп, жұрты қалған ауылда ажар бола ма? Сондай мекенге адам тартып, аз уақытта ауылға шырай кіргізу оңай шаруа емес.

Jas qazaq газетінде жарияланған мақалалардан, басылым журналистері жасаған ұсыныс-пікірлерден кейін, қоғамда дұрыс ақпарат тарала басталды. Өйткені осы ақжолтай хабардан соң жан-жақтан үлкен қозғалыс басталғанын байқап отырмыз. Айтылған ұсыныстардың барлығын Парламент депутаттары мен сенаторлар қоллап, мәселе үкімет назарына жетті. Дәл қазір



біздің ұсыныс үкіметте қаралуда. Мұның өзі қуантарлық жағдай. Үлкен нәтиже.

Солтүстік Қазақстан облысының аудандарында бұрын жұмыспен қамту орталықтары ғана жұмыс істейтін. Қазір Солтүстік Қазақстан облысының азаматтары, жастар мен қоғам белсенділері үндеу жасап, халықты шақырып жатыр. Соңғы кездері дұрыс



ақпарат тарату мәселесі де қолға алынды. Осы уақытқа дейін Шығыс Қазақстан облысындағы көшке жауапты азаматтар неге тыныш жатыр, олардың үні неге естілмейді деген сауал бізді де мазалайтын. Jas qazaq газеті жазды, мәселені көлденен қойды. Сөйтіп өткендегі мақаладан кейін шығыстың кейбір атқамінерлері ауылына онтүстіктен адам шақырып, кәсіпкерлер мен ауыл әкімдері үн қатып жатыр. Мұның дәлелі — біздің қаттарға келген хабарландырулар.

Біз қашанда сыннан сабақ алған елміз. Сын айтылмай, мін түзелмейді. Сын айтушылар мен сыналудылар көп заманда бұл да өзекті. Бірақ Jas qazaq ұмыт болған тақырыпты емес, күйіп тұрған мәселені көтерді. Қоғамға үндеу жасады. Алайда қоғамды өзгерту үшін үнемі сынай беру де дұрыс емес. Қайта кемшілікті айта отырып, ұсыныс жасау керек. Сонда іс ілгері басады. Басылымның үш санындағы материалдардың негізгі тіні сондай. Теріскейге көшу үшін де сынмен бірге ұсыныс болу керек. Әйтпесе, Нұр-Сұлтандағы депутаттар біздің мәселені иіскеп білмейді.

Нұржамал ТАМБЕТОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы білім бөлімінің әдістемелік бөлім меңгерушісі, көші-қон белсендісі, СҚО

Мәселе

Жуырда Шығыс Қазақстан облысындағы кәсіпкерлер аяқ астынан шулап қоя берді. Олар өңір басшылығына мемлекеттік сатып алуды өткізуде жеке басының мүддесін күйттейді, яғни сыбайлас жемқорлықпен айналысады деген айып тақты. Облыс әкімі қызметінен кетсін деген талап қойды. Шулатып жүрген Семейдегі ірі автотөсімәлдеушы. Банкроттыққа ұшырауына өздері кінәлі болса да, кәсіпорын басшылығы өкімдікті кінәлайды.

ШҚО-да

ЖЕКЕ ИНВЕСТОР ДА БЮДЖЕТТЕН ДӘМЕЛІ



Еске түсірсек, 2018 жылы Семейде қоғамдық көлікті модернизациялау жобасын жүзеге асыру мақсатында мемлекет пен жеке инвестор «Seteу Bus» ЖШС автопаркін құрды. Кәсіпорын «БРК-Лизинг» АҚ жекіс (қазіргі атауы — «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ) бойынша 4,1 млрд теңгеге 170 автобусты лизингке сатып алды. Алайда екі жыл өткеннен кейін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ кәсіпорынға несие міндеттемесін орындамағаны үшін дефолт жариялады. Өйткені әлгі кәсіпорынның берешегі 1,1 млрд теңгеден асып кеткен. Қор лизингке алынған автобустарды қайтарсын деген талаппен сотқа жүгінуге мәжбүр болды.

Өз кезегінде «Seteу Bus» ЖШС мұндай тығырыққа тірелуіне пандемиядан туындаған карантин шаралары кінәлі деп мәлімдеді. «Карантин міндеттемені мерзімінде орындауға келергі болды» деген желеумен өкімдіктен заңды түрде субсидия берілуін талап етті. Жағдайын осылайша түземекші болды. Алайда бір реттік төлем ретінде талап етілген сома бүкіл жоба құнынан асып түсті. Сондықтан субсидия берілмейтін болды. 2020 жылдың наурызында «Seteу Bus» ЖШС субсидия көлемін 3,5 млрд теңге деп белгіледі. Биыл оны өзгертіп, екі жылға 7,5 млрд теңге берілуін талап етті.

Бұған қатысты Семей әкімдігі мынадай түсініктеме берді: «Лизинг төлемінен құтылған соң автобустар «Seteу Bus» ЖШС иелігіне көшеді. Сонда кәсіпорын субсидия есебінен 3,9 млрд теңге пайда табады». Демек осы жобаға қатысқан жеке инвестор әу бастан тек мемлекеттік қолдауға арқа сүйегісі келген ғой?

Талап ТІЛЕГЕН

Ашық әңгіме

(Басы 1-бетте)

«Гомосексуалистер бұрын да болған, тіпті жан-жануарлардың арасында да мұндайлар көп кездеседі. Адамзаттың 3-5 пайызы туғаннан бейім болады» деген сияқты аңыз таратады. Оны айта береді, айта береді. Адам туғаннан гей, яғни гомосексуалист немесе лесбиян, не бисексуал, трансгендер болып өмірге келмейді. Тағы да қайталап айтайын, бұл жүре пайда болатын ауытқушылық.

Jas qazaq: Бізге бұл індет қай жақтан келіп таралды?

М.Тоқашбаев: Бұлардың қазіргі шоғырланған ортасы — Америка мен Еуропа елдері. Ол жақтарда билік өкілдерінің арасында, әртiстердiң iшiнде мұндай ауытқушылығы бар қыз-жігіттер өте көп. Соңғы жылдары бұлардың саны біздің елде де артып келеді. ЛГБТ өкілдері қазір өздерінің қатарын көбейтіп,

Марат ТОҚАШБАЕВ:

ҚАЗАҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАСАМПАЗДЫҚҚА БАСТАЙДЫ, АЛ ЛГБТ АЗҒЫНДЫҚҚА АПАРАДЫ

жұмыстарын жүргізу үшін түрлі амал-айлаға барып жүр. Мысалы, бұлар заң жүзінде өздеріне жеңілдік жасалуын талап етеді. Гендерлік саясатты алға тартып, сол арқылы ЛГБТ қауымдастығын Қазақстан қоғамында жария ұйымға айналдырғысы келеді. Қазақстан заңы бойынша барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тең, әрі бәрі бірдей қорғалуы керек. Мұндай жағдайда ЛГБТ өкілдеріне айрықша құқық берудің қажеті жоқ. Әйтпесе, тізгін-шылбырдан айырылып қалуымыз мүмкін.

ЛГБТ өкілдері қазақ құндылықтарын аяққа таптап, өздерінің құндылықтарын ашықтан-ашық насихаттап жүр. Қазақ құндылығы жасампаздыққа бастайды, ал ЛГБТ азғындыққа апарады. Сосын, бұлардың тағы бір айласы — жастарды өздеріне тартады. Жастарға әртүрлі жолдармен есірткі беріп, қақпанға түсіреді. Бұл - олардың бейбіт айласы. ЛГБТ-ның күш қолдану амалы тағы бар, яғни педофилдерді пайдаланады. Азғындар жас балаларды алдап-арбап, зорлап, сосын жұртқа масқаралаймыз деп қорқытып, бопсалайды. Зорлық көрген бала мұны әке-шешесі түгілі, бөтен адамға айтудан арланады. Сөйтіп бір емес, бірнеше рет зорлық көреді. Тұтқын болады. Іштен тынады. Жүре келе өзі де педофилге айналады. Өйткені оның ішінде шешен боп қатқан кек бар. Қысқасы, педофилдерді ЛГБТ қауымдастығының алдыңғы шепте жүретін «гвардиясы» деп айтуға болады.

Jas qazaq: ЛГБТ өкілдерінің артында кімдер тұр? Америка мен Еуропада азғындық өршіп тұрғанын әлгінде айттыңыз.

М.Тоқашбаев: Бұлардың қорғаушылары — АҚШ-та мемлекеттік қызметте отырған жоғары лауазым иелері. Оның ішінде Ақ үйде, Конгрессте істейтіндер бар. Тіпті министрлер бар, олар өздерінің гей екенін ашық айтып жүреді. Солар бүкіл әлемде ЛГБТ насихатын жүргізіп отырады. Соңғы жылдары Оскар сыйлығына үміткер кинотуындыға қойылатын 6 талаптың бірі — ЛГБТ туралы бір үзік кадр, идея болуы шарт. Осы арқылы халықтың санасына мұны қалыпты жағдай ретінде сіңіру үрдісі жүріп жатыр.

Біздің білетініміз, қоғамда ер мен әйелдің некесі ғана бар. Ал Американың кейбір штаттарында 33 түрлі неке заңдастырылыпты. Бәрін айтып отырмайын. Мысалы, әйел мен әйел, ер мен ердің некесінен тыс, әйел мен иттің, еркек пен жыланның қосылуы деген сияқты жағдайлардың бәрін заңдастырып қойған.

Ауғанстанда гомосексуализм қатты «дамыған». Бұл анық ақпарат. Ауған соғысы кезінде дала командирлерінің көбінің жанында «бәтчә» деген жас жігіттер болған. Ары-бері жұмсап отыратын көмекшілері. Солар әйел қызметін атқарған. Қазір де бар олар. Сондай-ақ гомосексуалистердің ордасы — түрме мен әскери казарма. Ресей әскери казармаларында бұл көрсеткіш 30 пайызға жетті деген дерек бар. Былтыр ғана әскерге шақыртылған татар жігіт 8 адамды қырып тастады ғой. Сол оқиға гомосексуалистердің өрекетінен туған дүние.

Jas qazaq: Соңғы уақытта бұлар әр қалада қатты белсенділік танытып кетті. Бұрын қойдан жуас еді. Бұлар неге ашық шыға бастады?

М.Тоқашбаев: Қазақстан Тәуелсіздік алғанына емес, Тәуелсіздікті қайтып алғанына биыл 30 жыл толды. Осындай мерейлі даталардың тұсында АҚШ пен Батыс елдері үнемі сыртта отырып, тосқауыл қояды. Сосын біздің елге ішпей идеологиялық іріпкі салуға тырысады. Әдетте, мұсылман елдерінде патриотизм, яғни Отанды сүю деген сезім өте жоғары. Оның үстіне, Қазақстанның жері кең, әлемде 9-орын алады. Халқы қиындыққа төзімді, көнбей болып келеді. Міне, осындай қасиеттеріміз — империялардың көзқұрты емес пе? Сондықтан олар ашықтан-ашық соғыс ашпаса да, ЛГБТ сияқты азғындар арқылы қазақты әлсіреткілері келеді. Жаман айтпай, жақсы жоқ. Егер бұлар күш алып кетсе, полиция мен әскердің арасына еңдеп кетсе, елді қорғайтын еркек қалмайды! Содан абай болып, алдын алу керек. Өзіңіз айтыңызшы, құлағына сырға таққан жігіт Отанын қорғай ма? Әйел мінезді, жігерсіз, жасық әскер мылтық ұстай ала ма?

Jas qazaq: Әйел мінезді деген сөзіңізден шығады. Біздің елде жалғызбасты әйел көп. Ерінен ажырасқан әйелдің тәрбиесінде болған ұл баланың бойында кемшілік көп болады екен. Мұны психологтар айтып отыр. Ондай бала ержетіп, өзі үй болғанда, әйеліне арқа сүйейтін жасық, бөркемік, әйел мінезді, тізгін-шылбырды келіншегіне бере салатын ез болады екен. Бұл Құдай жаратқан еркек табиғатына қоғамның қылған қысастығы емес пе?

М.Тоқашбаев: Өте жақсы ой айтып отырсыз. Жасыратыны жоқ, қазір балабақшада тәрбиеші — әйел. Мектепте мұғалім — әйел. Үйдегі анасы нәзік жанды. Әкесі болған күннің өзінде, билікті анасы жүргізеді. Мұндай отбасында туған баланың қиын сәтте халықты емес, қара басын да қорғай алмайтын бөркемік болатынын ауған соғысы кезіндегі оқиғалар дәлелдеді. Мен ауған соғысы туралы әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, командирлермен сұхбаттасқан едім. Сонда әйел тәрбиелеген әскердің шешуші сәтте бұғып қалатынын, қорқақ, жасық, басқаларға иек сүйейтінін, өзіне сенбейтінін айтты. Тіпті қара басын да қорғай алмай қалған. Сондықтан ұл баланы ержүрек, еркек қылып тәрбиелеу керек! Әуезовтің сөзін толықтырып былай айтып жүрмін: «Ел боламын десен, бесігіңді түзе. Бесігіңді түзеу үшін әйелді түзе. Әйелді түзеу үшін, еркектер, өзіңді түзе».

Балаға әкенің де, шешенің тәрбиесі керек. Бірақ ұлға әкенің, қызға шешенің тәлімі ауадай қажет. Бала толыққанды азамат болу үшін толыққанды тәрбие керек! Осыны бүгін үйленіп, ертен ыдыс-аяғы сылдырлай қалса, баласын тірі жетім етіп ажырасып жататын жастар ойлануы керек. Өйткені оның



мойнында өзінің ғана емес, ұрпағының, қоғамның жауапкершілігі тұр. Тек шешенің ықпалында ғана өскен қыз да дұрыс тәрбие алмайды. Өйткені ол ертең өзінің күйеуін билегісі келіп тұрады. Шешесін көріп өсті ғой. «Шешесін көріп — қызын ал» деген сол. Сондықтан, қандай жағдай болса да, үйде еркектің сөзі — шешім, әкенің мысы басым болуы тиіс. Сонда үйдің шегесі мықты, босағасы құтты болады.

Jas qazaq: Мәселе болған соң оны шешудің жолы да болу керек. Жалпы қоғамнан осы бір жыныстыларды аластатудың заңды, сауатты жолы бар ма?

М.Тоқашбаев: Қоғамның дертіне айналған тобырмен күресіп жүргендер көп. Мәселен, актер Мәдияр Серікбаев, журналист Ардак Байғабыл, Тілеужан Кішкенбаев деген адвокат, Мұрат Мұхамеджанов деген полковник бар. «Намыс» тобылдарғы жігіттер, психолог Айтул Қараманова, Максат Мамадияр, Әлібек Шынтемір деген журналистер де қарсылық білдіріп, күресіп жүр. Қазақстан ата-аналар одағының басшысы Бағла Балтабаева да қазаққа төнген азғындықтың алдын алу үшін шырылдап жүр.

ЛГБТ өкілдері өткен аптада ғана Шымкентте халықтың наразылығына ұшырады. 8 наурызда Алматыда митинг өткізді. Сол митингіде «Қызға қырық үйден тыйым емес, қырық үйден рұқсат», «Менің жатырым — менің ережем» деген сияқты жасанды ұрандармен бой көрсетті. Бұл енді ашықтан-ашық шығуы.

Қазақстан халқының төрттен үш бөлігі - мұсылман. Мұндай азғындыққа ислам діні еркіндік бермейді. Содан кейін, ЛГБТ өкілдері табиғи жолмен өмірге ұрпақ әкеле алмайды. Мейлі, қайсысы болсын, бұлардың бала табу қабілеті жоқ. Қазақстан таяу жылдары халық санын 25 миллионға жеткізуді көздеп отырған ел. Оған ЛГБТ-ның азғындары үлес қоспайды деген сөз. Міне, осындай себептермен біз бұл азғындарға үнемі тосқауыл қоюымыз керек. Егер біз бұларға үнемі қарсылық жасап отырмасaq, ұл-қызымыздың тағдырын талқандап аламыз. Бүкіл қазақтың ойы - осы.

Қазір бұл азғындардың жиырма шақты түнгі клубы, он шақты сайты бар. Олар күндіз-түні жұмыс істейді. ЛГБТ-ның жымысқы жұмысы балабақшадан басталады. Тіпті кейбір ойыншықтардың түсін ЛГБТ жалауындай етіп шығарады. Бұл да баланың көзін үйрете беру. Мектептерге арналған «день наоборот», «ночь на день» деген бағдарламалары бар. Ұлды қыз, қызды ұл етіп киіндіреді. Соны әлдеқандай мереке етіп өткізеді. Ұлдар қыздың көйлегін киіп, ернін бояйды. Қыздар ұлын киімін киіп, еркектің кейпіне енеді. Бұл да өз қатарын толықтыруға арнаған амал-айласы. Сондықтан балаларымызды қадағалап отыруымыз керек. Олар ұлы телефонда не көріп жүр? Қандай сайттарға кіреді? Кімдермен сөйлеседі? Соның бәрін қараусыз қалдырмаған жөн.

Jas qazaq: Әңгіменізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Жас келсе – іске

Шымкентте калифорниялық қызыл құрт өсіру арқылы органикалық қалдықтарды құнды табиғи тыңайтқыш – биогумуска айналдырып, табысқа жеткен жас кәсіпкер тұрады. Иә, оның кәсібі еліміз үшін таңсық сала. Ілияс Икрамов Шымкент қаласының Қайтпас-1 елді мекеніндегі үйінің ауласында-ақ шаруасын дөңгелетіп, бизнестің көзін тауып отыр. Ол 2019 жылы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ұйымдастырған «Жас кәсіпкер» жобасы аясында 505 мың теңгелік қайтарымсыз грант ұтып алған. Кейіпкеріміз бұл кәсіптен бөлек, университетте оқытушы болып жұмыс істейді. Алдағы уақытта үлкен кәсіпорындармен келісім жасасып, жұмыс істеу де ойында бар. Одан бөлек, мал шаруашылығын да өрістетіп келеді. Малдың қиын құрттарға тастап, олар егінге пайдалы өнім шығарса, егін егіп, одан өнім алып, бірнеше шаруашылықты ұштастырып жүр.

Біз Ілиястың жеке шаруашылығымен танысып, істің көзін тапқан кәсіпкермен сұхбаттастық.

Jas qazaq: Ілияс, сенің кәсібің кәдімгі жаңбырдан кейін шығатын шылаушын ғой. Жауынқұрт деп те айтып жатамыз. Ал өзін калифорниялық қызыл құрт дейсің. Неге?



І.Икрамов: Америкалық Томас Баррет 1937–1950 жылдары Калифорниядағы Earthmaster Farms фермасында агротехнология саласындағы жер құрттарының әрекеті мен пайдасын зерттеген. Содан бері мұны «Калифорния құрттары» деп атайды. Құрттар қран суына қарағанда, жанбыр суында 16 жылға дейін өмір сүру ұзақтығымен ерекшеленеді. Денесінде гипотермияға қарсы қорғаныс механизмдері жоқ құрттар суық ауа райынан қатты қорқады. Ал өздерін жайлы сезінетін ең төменгі температура –5 градустан аспауы тиіс. Сондықтан мен ең алдымен құрттарға жағдай жасау үшін үйімнің ауласына аумағы 60 шаршы метрді құрайтын жылыжай орнаттым. Жылыжайды салуға 300 мың теңге жұмсадым. Кәсіпті бастамас бұрын мал шаруашылығы, саңырауқұлақ өсіру секілді көптеген кәсіп түрлерін зерттедім. Өзімнің мамандығым эколог-биолог болғандықтан, егін шаруашылығы, тыңайтқыш тақырыбы жаняма жақын. Бәрінен де шығыны аз, кірісі көп кәсіп түрін іздеген болатынмын. Олардың экономикалық және экологиялық пайдасы зор. Басында бұл құрттың 350 данасын Шымкенттен алдыртып едім. Қазіргі кезде 190–200 мыңға дейін жеткіздім. Өз-өзімен көбейеді. Аталық, аналық болып бөлінбейді. Екі құрт болса, көбейе береді.

Көктемде шығатын жауынқұрт биогумус секілді топырақ өндірмейді екен. Калифорниялық қызыл құрт кәдімгі жауын құртына қарағанда тез көбейіп, тыңайтқыш өндіре біледі. Бір қарағанда жауын құртына ұқсағанымен, түсі қызыл болып келеді. Тағы бір қызығы, бұл құртты ортасынан бөліп тастасаныз да әрі қарай тіршілік ете береді.

Jas qazaq: Калифорниялық қызыл құрт немен қоректенеді?

І.Икрамов: Құрттарға арнайы күтім қажет емес, олар барлық органикалық қалдықтармен, яғни төрт түлік малдың қиымен, ағаш жапырақтарымен қоректенеді. Қоқыс тасталмайды, бәрі құртты тамақтандыруға кетеді. Олар тіпті қағазды қайта өңдейді. Тек әйнек пен пластикті ғана жемейді. Құрттар биогумус шығарады. Бұл — таза экологиялық тыңайтқыш.

Құрттарды әрдайым бақылап, қарап жүрудің қажеті жоқ. Оларға тропикалық өсімдіктер зиян. Сондай-ақ құрғақшылықты

ұнатпайды. Егер де ылғал азайып, топырақ құрғап кетсе, құрттар өліп қалады. Топырақты ылғалдандыруға үйдегі қран суы жарамайды. Себебі онда хлор көп және ылғалдануы қиынға соғады. Көбіне ағын су, жанбыр немесе қар суын құйған абзал.

Егер де құрттарға қажетті қорегін беретін болсақ, олар бізге ішкен-жегенін биологиялық тыңайтқыш етіп береді. Оны өсімдікке сепкенде, өсімін 2–3 есе арттырады. Оның артылған түрін сатуға да болады. Егін шаруашылығымен айналысатын кей адамдар дұрыс өнім ала алмайды. Тұзды не құрғақ жерге биологиялық тыңайтқыш сепсе де, жақсы өнім алады. Топырағы құнарын жоғалтқан алқаптарға пайдаланса да болады.

Jas qazaq: Күтімі қалай? Арнайы тәртібі бар ма?

І.Икрамов: Күн жылына салысымен, құрттарды бақтағы шұңқырға ауыстырдым. Ал бос жылыжайға көшет өсіріп жатырмын. Көктем шыққан соң құрттарды жылыжайдан сыртқа шығарамын. Сыртқа шығаруымның себебі, жанбыр суымен сусындап жатсын деген ой. Бұл құрттарға ылғал аса қажет. Жылыжайға былтыр 28 000 түп қарбыз дөңегін егіп, оны 3 гектар жерге отырғыздық. Пластик пакеттерге салынған қарбыз дәндері өскен соң, ашық жерге отырғызылады. Сондай-ақ Шардара

Ілияс ИКРАМОВ:

ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ – ТАБАҢДЫЛЫҚТА


ауданынан 2,5 гектар жерді жалға алдым. Ол жерге қауын-қарбыз, көкөніс ектім.

Құрттардан пайда болған биогумусты сол жерге сеуіп, жақсы өнім аламыз деп жоспарладым. Жоспарым ойдағыдай іске асты. Биыл тура сол тәсілмен қияр, қызанақ ектім. Еккен көкөністерімнің бойы жарты метрге жуық.

Жаз айларында кеуіп кету, яғни құрғақшылық қаупі төнеді. Оның ылғалдылығын қолмен ұстаған кезде топырақтан су тамшылауы керек. Сонда ылғалдылығы қалыпты деңгейде деп айтуға болады. Егер де құрғап кетсе, жердің астына қарай еңдейді. Жерге су құйып, ылғалдылығын қалыпты деңгейге жеткізген кезде, ол қайтадан шығады. Өздеріңізге де белгілі, көктем айларында күректі жерге тықсаныздар, шылаушындар ілігеді. Ал жаз айларында жер қатты болғандықтан,

бір жарым метр тереңдікке дейін қазғанда ғана шығады. Беті катады, астыңғы жағы дымқыл боп тұрған соң тереңге түсіп кетеді.

Оларға танертеннен кешке дейін қараудың қажеті де жоқ. Күтімді де қажет етпейді. Тек, құнара 10 литр су сеуіп, топырағына жапырақ, өсімдік, көкөністің қалдықтарын тастап отырсаңыз, болғаны. Сонымен қоректеніп,



топырақты биологиялық тыңайтқышқа айналдырып шығарады. Оны егістікке пайдаланса, екі есе өнім береді.

Jas qazaq: Калифорниялық қызыл құрттардың қандай сипаттамасы қандай?

І.Икрамов: Құрттардың ұзындығы — 8-9 см, жуандығы — 7–8 мм. Адамға ешқандай зарары жоқ. Кей адамдардың жыбырлаған нәрсеге денесі түршігуі мүмкін.

Калифорниялық құрт өте белсенді. Осы белсенділігінің арқасында бұл биогумус деген тыңайтқышты жасап шығарады. Ол таза табиғи тыңайтқыш болып есептеледі. Құрамында ешқандай химиялық қоспа жоқ.

Jas qazaq: Құрт өсіру үшін ауа райының қандай да бір әсері бар ма?

І.Икрамов: Әрине, ауа райының тікелей әсері бар. Құрт өсіруге біздің өңіріміздің ауа райы өте тиімді. Бұл құрттар +20-25 градус температурда өте жылдам көбейеді де, тыңайтқышты тез өндіреді. Әрбір құрт 21 күн сайын көбейіп отырады. Кәсіпті бастағанда бұлардың саны артқан сайын қызығушылығым да ояна түсті. Оның үстіне, әр сенбі-жексенбі күндері сатып алушылар қатары артады. Бірі балық аулауға, енді бірі топырақты құнарландыруға әкетеді. Осы кезге дейін 50 мың данасын саудаладым. Қызығына батқаным соншалық, құрттардың топырақты құнарландыру жайында диссертация да қорғап шықтым.

Бір жолы Ақтөбеге сапарлап барғанымда, ол жақтың ауа райының салқындығынан көп өсе бермейтінін байқадым. Күн суыған сайын бұл құрттардың қимылы азайып кетуі мүмкін. Шымкентте көктемде ылғал жеткілікті. Қақаған қыс айларында да аса салқын болмайды. Бір сөзбен, құрт өсіруге оңтүстіктің ауа райы өте қолайлы.

Jas qazaq: Қай мезгілде көбейеді?

І.Икрамов: Бұлар мезгіл таңдамайды.

Jas qazaq: Көп кездесе бермейтін, қызыға бермейтін ерекше кәсіп жүргізде қандай қиындықтармен кездестің?

І.Икрамов: Басында құрттарға бір жылдық емес, жана тасталған малдың қиын тастап қойыппын. Сол кезде қызуы жоғары болып, біраз құрттар өліп қалды. Мұның дұрыс емес екенін түсіндім де, 1-2 жылдық ки өкеліп тастап,

қайтадан көбейтіп алдым. Кез келген өсімдік қалдықтарын тастаған кезде өлтіріп алған жағдайлар да болды. Білместіктен біраз жайлардың байыбына акырындап жеттік.

Jas qazaq: Үйдегілердің қолдауы қалай?

І.Икрамов: Үйдегілер қолдайды. Үйде болмай қалған

кездерімде қонырау шалып, мынаншасын салып, ақшасын санап алыңыздар деп айтамын.

Jas qazaq: Айына қанша теңге табыс табасың?

І.Икрамов: Тыңайтқышты егін шаруашылығымен айналысатындар сатып алады. Құртты қалада балық аулауға қызығушылық танытатындар әлеуметтік желі арқылы алып кетеді. Қазіргі кезде ай сайынғы таза табыс — 40-45 мың теңге. Саны көбейген сайын табысыңыз молая береді. Тыңайтқышты да мол өндіреді. Көбейгенін жеке фирмалармен келісімшартқа отырып, өткізуге болады. Қазіргі кезде құрт өсіруге қызығушылық танытып, қонырау шалатындар бар. Ондайларға үйретіп, ақыл-кеңесімді айтып, 1000-2000 данасын сатып қайтарамын.

Jas qazaq: Құрттарды қаншадан сатасың?

І.Икрамов: 10 теңгеден сатамын. Кейбір қала тұрғындары «10 теңге сәл қымбаттау, 5 теңгеден берсенізші» деп өтініш айтады. Ондай кезде мен 5 теңгеден беріп жіберемін. Бұл құрттарды біртіндеп сатамын. Балық аулаумен айналысатындар көп алмайды. 200-300-100 даналап 10 адам алатын болса, ол күнделікті тұрмыстық қажеттілікті өтейтін ақшаны тауып қояды. Өнімдіміз әлеуметтік желі арқылы сатуды жолға қойдым.

Қазір бұған шаруа қожалықтарының төрағалары да ерекше қызығушылық таныта бастады. Өйткені бұл biohumus, яғни жердің құнарлылығын жақсартуға және жоғары өнімділікке қол жеткізуге болатын органикалық тыңайтқыш. Оның сипаттамасы мен пайдалы қасиеттері көннен бірнеше есе артық. Әсіресе, тұзды, құрғақ жерлерде органикалық тыңайтқыштарды қолдану ұсынылады.

Jas qazaq: Қалада сен сияқты құрт өсіретін кәсіпкерлер бар ма?

І.Икрамов: Бір кәсіпкер ағамыз бар. Қала шетінде 6 айда 500 тоннаға дейін өсіріп жатырмын деп айтты. Оның да құрт өсірудегі тәсілі тура өзіміздікіндей екен.

Калифорниялық тек қана қорек, қараңғылық және тыныштық қажет.

Бұл — өте тиімді бизнес. Үлкен инвестиция мен күшті қажет етпейді. Мен Шымкент университеттерінің бірінде мұғалім болып жұмыс істеймін. Соған қарамастан, құрттарға уақыт табамын. Арасында келіншегім Жайна, інім Әділет, Ғалым көкем (*әкемді осылай айтамын*) көмектеседі. Құрт өсірудің тағы бір тиімділігі, бұларда иіс, дауыс болмайды. Ешкім шағымданбайды. Тіпті бұларды өсіріп жатқанымды айтпасам, үйдегілер де білмеуі мүмкін.

Jas qazaq: Кәсіпкер деген қандай болуы керек? Жанадан іс бастағысы келетіндерге қандай ақыл-кеңес айтасың?

І.Икрамов: Кез келген кәсіпте қиындық кездеспей қоймайды. Сондай кедергілерге төтеп беру керек. Өз кәсібін тастап кетпей, аяғына дейін жеткізе білсе, мақсаты айқын болса, кез келген адам жетістікке жете алады. Өз кәсібімді бастаған кезде алты айдай уақытымды зерттеп, зерделеуге арнадым. Бәрі бірден бола қоймайды. Уақытты қажет ететін кәсіптер болады. Соның бәріне төзімділік қажет. Қазір кәсіппен айналысамын деген жастарға идеясын іске асыруға мүмкіндік мол. Мемлекет жастардың кәсібіне барынша қолдау көрсетіп келеді. Бірақ мемлекет берді екен деп бюджеттің қаржысын сұраусыз өз қажетіне жаратуға болмайды. Судың да сұрауы бар.

Табыстың кілті — табандылықта деп білемін. Өйткені, әкем еңбекке ерте баулыды. Әрбір істі соңына жеткізіп, жемісін жегізіп үйреткен. Сондықтан кез келген бастаманы жүзеге асырмас бұрын, жобаның берер пайдасын есептеймін. Бұл жолы да солай болды. Екінші бірі қолға ала бермейтін, бірақ қарапайым жұмыс саналатын кәсіпті құрт өсіруді бастап кеттім. Өздеріңіз байқағандай, нәтижесі жаман емес.

Jas qazaq: Бізге уақыт бөліп, сұхбат бергенің үшін рахмет!

Мәриям АЙТБҰЙ,
Шымкент қаласы

600 ЖАС МАМАН ЖҰМЫСҚА ТҰРДЫ

Шымкент қаласында азаматтарды жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының үшінші бағыты – жастар практикасы азаматтардың жұмыс табуына септігін тигізуде.

Жастар практикасы түлектердің менгерген мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алу мақсатында ұйымдастырылған. Биыл қалалық жұмыспен қамту орталығы тарапынан 2500 жасты аталған бағдарлама аясында жұмыспен қамту жоспарланды. Түлектерге жалақы төленеді. Жыл басынан бері 600-ден астам шымкенттік жас тәжірибеден өтуде.

Айбарша Бескен — осы бағдарлама арқылы қаладағы «Нәзира-Б» балабақшасына жолдама алғандардың бірі. 2020 жылы «Сайрам» медициналық колледжін «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітіріп, жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелді. Биыл сәуір айынан бастап ол өз мамандығы бойынша балабақшада жұмыс істеп жүр. «Оқуды бітірген соң еңбек өтілімім жоқ болғандықтан, ұзақ уақыт жұмыс таба алмай жүрдім. Жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік желідегі парақшасында бағдарлама арқылы жұмысқа шақыру жөнінде хабарландыруды көріп,



осындағы мамандардың көмегіне жүгіндім. Орталық мамандары маған бірнеше жұмыс орнын ұсынды. Бірақ өзімнің тандауым балабақша болды. Уақытша болса да жұмысқа орналасқанымға қуаныштымын», — дейді ол.

Бағдарлама талабына сай, қатысушының жасы 29-дан аспауы және «жұмыссыз» деген мәртебесі болуы тиіс. Сонымен бірге соңғы үш жыл ішінде (2018-2020 жж.) жоғары оқу орнындары мен колледждердің түлектері бір-ақ рет қатыса алады. Жалпы былтыр 3 мыңға жуық жас аталған бағдарламамен жұмыспен қамтылып, оның 536-сы тұрақты жұмысқа орналасты.

2009 жылы Ауғанстан мен Қазақстан үкіметі екі жақты мәміле жасасып, 2010 жылдан бастап елімізде ауған жастарына жоғары білім беру жөнінде келіскен болатын. Үкіметаралық меморандумда жыл сайын арнайы грант бөліп, кезең-кезеңімен 1000 ауғандық жасты оқыту көзделген еді. Осы бағдарлама бойынша біздің елде білім алған Ауғанстан азаматтарының бірі – Захид Шағаси. Биыл Захид Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетін бітірді. Аз күнде қолына дипломын да алады. Қазақ тілін біздің елге келгеннен бастап үйренген ауғандық азаматты әңгімеге тарттық. «Ағай, сенсеңіз, мен былтыр пандемия басталғанға дейін қазақ тілін кәдімгідей меңгеріп, сөйлегенде кесілетін едім. Карантин басталғанда бір жылға жуық Ауғанстанда болып, оқымыз онлайнға ауысқан соң ұмытыңқырап қалдым. Кейбір сөзді дұрыс айтпай, ойымды нақты жеткізе алмасам, айып етпессіз» деп алдын ала ізетін де көрсетіп қойды.

Жас qazaq: Сұхбатымыздың алғашқы сауалы туып-өскен ортана қатысты болсын, Ауғанстанның қай өңірінде өмірге келдің?

Захид Шағаси: Мен Ауғанстанның астанасы Кабулдан 70 шақырым қашықта орналасқан Логар провинциясында өмірге келдім. Үйде екі ұл, бір қыз. Әкем сырқаттан қайтыс болған. Анам үй шаруасында. Өзімнен кейінгі інім Зікірия Кабулдағы университетті құрылысшы мамандығы бойынша бітіріп, қазір жұмыс істеп жүр. Ал мен «Қазақстан ауған жастарын тегін грант бөліп оқытады» деген хабарды естіп, сынақ тапсырып, іріктеуден өтіп, сіздің елге келдім. 6-сыныпқа дейін Логардағы мектепте оқыдым, одан кейін біз отбасымызбен ел астанасы Кабулға қоныс аудардық.

Жас qazaq: Алматыда, тарихы тереңге бойлаған Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алу үшін Ауғанстанда қандай іріктеуден өттің?

Захид Шағаси: 2016 жылы Ауғанстаннан 100 студент іріктеуден өтіп, Қазақстанға келдік. Сіздерде тест деп аталады екен ғой, бізде ұлттық емтихан деген сынақ бар. Соған үш жүзге тарта үміткер тапсырып, солардың арасынан 100

Қазақстанда тыныштық салтанат құрып, халық бейбіт ғұмыр кешіп жатыр. Ал ауған халқы ше? Жұрттың басым бөлігі кедейлікте өмір сүреді, жұмыссыздық саны күн санап артып барады. Егер бұл елде тыныштық болып, жарылыстар тоқтаса, елдің еңсесі тіктеліп, мемлекеттің экономикалық әлеуеті жақсаратын еді.

Жас qazaq: Захид, жаңа сөз басында алғашқы бір жылдық оқу мерзімі тіл үйренуге кетті дедің. Қазақстанда мемлекеттік тіл — қазақ тілі, орыс тілі ресми тіл болып саналады. Сендерге екі тілді де үйретіп, оқытты. Тілді үйрену ауыр соққан жоқ па?



Захид ШАҒАСИ, саясаттанушы:

АУҒАНСТАН ТЫНЫШ БОЛСА, ТАЛАЙ ШАРУА ШЕШІЛЕР ЕДІ



бала жоғары ұпай жинап, шетелде білім алу құқығына ие болдық. Алғаш келгеннен бастап 9 ай бойы тіл үйрендік, қазақ тілін меңгердік. Одан кейін Ауғанстанға кетіп, үш айлық жазғы демалысты өткіздік те, күзде бірінші курсқа қайта келдік. Мен бірден саясаттанушы болғым келді. Бұрыннан осы мамандық жанымға жақын еді. Бәлкім, өз елімдегі тұрақсыздық, оқтын даусынан оянатын халқымының басындағы жағдай да саясаттануға жетелеп әкелген шығар деп ойлаймын.

Захид Шағаси: Қиын болған жоқ, қазақ тіліндегі көптеген сөздер біздің парсы тілінен енген ғой, білесіз. Сол тұрғыдан алғанда, аса ауыр тиген жоқ. Мені таң қалдырғаны басқа жайт. Саясаттану мамандығында оқитын кейбір қыздар, ұлдар ұлты қазақ бола тұра, қазақ тілін білмейді екен. Білмеген соң, сөйлесейді де. Мен тіл үйреніп, соны ары қарай дамытайын деп оларға қазақша айтсам, бетіме ожыраа қарап, орысша жауап береді. Ауғанстанда пушту мен парсы тілі кеңінен қолданылады, міне, осы екі

\$ARTARAP

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



5

www.jasqazaq.kz

тілді білмейтін ауғандық кемде-кем. Өз ұлтынның мемлекеттік тілін білмеу деген ұят саналады. Ал мұнда басқаша екен. Алғашында үрке қарап, қабылдай алмап едік. Келе-келе көзіміз де, бойымыз үйреніп кетті. Өйткені қалыпты жағдай. «Өз тілімді білмеймін» деп өкінген ешкімді көрген жоқпын.

Сосын менің мамандығым саясаттануға қатысты кітаптар да, қажетті дерек, акпараттардың қайнар көзі орыс тілінде жазылатындықтан да, орыс тілін үйрену керек болды.

Жас qazaq: Қазақ жерінде төрт жылдан астам тұрдың. Қандай әсер алдың?

Захид Шағаси: Қазақстанның бірнеше қаласын аралап көрдім, Түркістанды түркі халықтарының рухани астанасы деп санап айрықша көңіл бөліп, түлетіп, түрлендіріп жатыр. Басқа қалаларына да саяхаттадым. Ауылдық жердегі адамдармен де араластым, салт-дәстүрін, өмір сүру ғұрпын зерттеп көп нәрсеге қанықтым.

Қазақстанда білім беру жүйесі жолға қойылған. Заң барлығына да ортақ, арасында бірен-саран тәртіп бұзу болатын шығар, бірақ барлығы

құбырының басым бөлігі осы ауған жерін басып өтеді. Ауғанстан түркімендердің газ құбыры өтетін транзиттік дәліз жасап бергені үшін ақы алып отырады.

Түркіменстан президенті Г.Бердімұхамедов газ экспортын арттыру жолында Ауғанстан территориясы арқылы Түркіменстан — Ауғанстан — Пәкістан — Үндістан (*ТАРІ*) газ құбырын жүргізуге әлі де ықыласты. 33 млрд текше метр газды тасымалдауға мүмкіндік беретін газ құбыры іске қосылса, сөз жоқ, Түркіменстанның экономикасына едәуір пайда әкелер еді. ТАРІ газ құбыры Түркіменстан территориясынан шығып, Ауғанстан жерінің 744 шақырымын басып өтіп қана Пәкістанға жетеді. Ашхабадтың алаңдайтыны — ауған территориясымен өтетін газ құбырының қауіпсіздігі. Дүркін-дүркін қақтығыстар орын алатын саяси тұрақтылығы сенімсіздеу елде ағыс та, жарылыс та жиі болады. Түркіменстан газ құбырының салынуына 10 млрд доллар қаражат керек деді. Инвесторлар білек сыбана кірісуге құлшынып-ақ отыр. Бірақ елдегі саяси тұрақсыздық пен тыныштықты кетірген түрлі топтар мен ұйымдардың әрекеті кесірін тигізіп келеді. Әйтпесе, 1993 жылы қолға алынған ТАРІ жобасы ендігі іске қосылатын да еді. Егер де ТАРІ құбыры тартылатын болса, Түркіменстанның «Галкыныш» кенішінен өндірілген газ Ауғанстанның Герат, Қандағар қалалары арқылы Пәкістанның Фазилка қаласына жетеді. Одан ары суы мол Карачи порты да жақын. Сол бағытпен Үндістан асыруға болады. Жалпы бұл газ құбырының ұзындығы — 1735 шақырым. Оның 200 шақырымы

да заңға бағынады. Білім беру ісінде жоғары оқу орнында грантка түсе алмасан, ақылы негізде қалаған мамандығыңды тандап, оқу ақысын төлеп, оқуға болады. Ал бізде ақылы оқу жүйесі жоқ. Ұлттық емтихан сынағын тапсырасың, жоғары ұпай жинасаң, оқуға қабылдайды. Төмен болса, оқуға мүмкіндік берілмейді, ақы төлеп оқуға рұқсат етілмейді.

Жас qazaq: Ауғанстан үшін аса маңызды саналатын ТАРІ газ құбырына қатысты жобаның іске аспай жатқаны туралы өз пікірің қандай?

Захид Шағаси: Енді қараныз, Орталық Азияның бір мемлекеті Түркіменстан өздері өндіретін газын Ауғанстан арқылы Пәкістан

мен Үндістанға сатуға бейім отыр. Осы ТАРІ (*Түркіменстан — Ауғанстан — Пәкістан — Үндістан*) газ тарту құбыры іске қосылса, төрт мемлекетке де орасан пайда әкелер еді. Ең әуелі Түркіменстан кен орындарынан өндірген табиғи газын 208 миллионнан астам халқы бар Пәкістанға және адам саны 1 млрд 379 миллионнан асып жығылатын Үндістанға сатады. Бұл екі елге көгілдір отын — табиғи газ ауадай қажет. Бұл жерде Ауғанстанға түсер пайда қайдан келеді? Түркіменстаннан тартылатын газ

Түркіменстан жерінен өтеді, жоғарыда айтқанымыздай, 744 шақырымы Ауғанстан территориясында болады, 800 шақырымы Пәкістан арқылы өтеді. Жыл сайын 34 миллиард текше метр газ тасымалдауға қауқарлы деп баға беріліп отыр ТАРІ-ға. Егер газ құбыры іске қосылар болса, Түркіменстан газ өндірісін барынша қолға алып, кезінде жылына 80 млрд текше метр газ өндіргенін ескеріп, сол межесіне шығуды көздейді. Пәкістан арқылы Үндістанның Дели қаласына газ жеткізу ісі жүзеге асса, төрт елдің де экономикалық әлеуетіне серпін береді. Бұл бір ғана сала бойынша.

Келешекте осындай түйткілді мәселелердің түйіні онынан шешілер болса, Ауғанстан Орталық Азия елдері үшін үлкен дәліз болар еді. Бес елдің газы да, электр энергиясы да ауған жері арқылы Азияның оңтүстік шығысына сатылады. Үндістан мен Пәкістан да азық-түлігі мен жеміс-жидегін, киім-кешегін Орталық Азия елдеріне Ауғанстанды транзиттік дәліз жасау арқылы жеткізер еді.

Жас qazaq: Саясаттану мамандығы бойынша білім алдың, ендігі жоспарың қандай, еліңе барып қызмет етесің бе?

Захид Шағаси: Әлі нақты шешім қабылдаған жоқпын, мүмкін магистратураға емтихан тапсырып, бағымды сынап көремін.

Сұхбаттасқан Қуаныш ПАХМЕТ

Демалыс күндері әпкемнің дүкеніне барып көмектесемін. Қала орталығында, көшенің дәл бойында орналасқандықтан, адам қарасы үзілмейді. Дүкенге жас шамасы жиырма бестен асқан жігіт жиі бас сұғады. Нан мен сусыннан басқа ештеңе сатып алмайды. Ішімдік, шылым алғанын да көрмедім. Үнемі қалың ойдың құрсауында. Көп сөйлемейді. Керек азық-түлігін алады да кетеді.

Бір күні сол жігіт тағы да керегін алып, дүкеннен шығып кетті. Осы кезде кезекте тұрған бір келіншек: «Мынау Арман ғой. Байғұс, жетім бала. Біздің үйдің жертелесінде тұрады. Өзі ішімдік ішпейді. Жаман қылығы да жоқ. Бәріміз танып алғанбыз. Арманмын десе болды, домофонды ашып береміз. Дауысын да бірден танимыз. Басқаларға ашпаймыз», — деді.

— Жетім дейсіз бе? Сонда бұл жігіттің ешкімі жоқ па? — деп келіншекке қарадым.

— Иә, ешкімі жоқ. Жетімдер үйінен. Бірақ өзі сондай жақсы бала.

Бірнеше күн өткеннен кейін Арман дүкенге келді. Шыдамай «Арман сен шынымен жертелде тұрасың ба?» деп сұрадым.

— Иә, тәте, оны қайдан біліп қойдыңыз? — деп төмен қарады.

— Өткенде бір келіншек сені танимын деді. Біз жакта жертелде тұрады деп айтты. Есіміңнің де Арман екенін сол кісіден білдім. Сенің ішімдік пен темекіге жоламайтының жақсы. Мұндай күйге қалай түсіп жүрсің? Төпсе темір үзетін жігітсің. Жұмыс істеп, пәтер жалдап тұруға болады. Қаланың шеткі аудандарынан арзанын таба аласың», — дедім.

— Ой, тәте, менің өмірім бір хикая. Тұрақты жұмысқа да кіре алмаймын. Оның үстіне, мені еш жерге жұмысқа алмайды. Кешкісін ішімдік ішкендердің көлігін жүргізіп, болмаса, тауар тиеп, күнделікті ақшамды тауып жүрмін.

— Неге тұрақты жұмысқа кіре алмайсың? Қазір интернеттен жұмыстың неше түрлісін тауып алуға болады. Жұмыс істеймін деген адамға вариант көп, — дедім.

— Сізге қалай түсіндірсем екен, мені еш жер алмайды, — деп қысылды Арман. — Өйткені 3

жыл отырып шықтым. Енді ол жаққа қайтып барғым келмейді. Сол үшін тып-тыныш тын-тебенімді тауып, өзіммен-өзім жүрмін. Тек жалғызбын. Жалғыз болған жаман екен. Менен бас тартқан ата-анамды, әсіресе, анамды тауып алып, неге менен бас тартқанын сұрағым келеді. Кейде тіпті оған менің көмегім керек шығар, жағдайы болмаған шығар деймін. Осылай неше түрліні ойлап, іштей ақтап аламын. Жамандыққа

ЖАЛҒЫЗДЫҢ ҮНІ

қимаймын. Бірақ қанша іздесем де, мәлімет жоқ. Өйткені аты-жөні де нақты емес.

— Қай жердің тумасысың? Мен сенің хикаяңды тыңдауға дайынмын, — дедім.

Арманға мамандығымды түсіндіріп, ол туралы газетке жазғым келетінін айттым.

— Тәте, сіз сонда сатушы емессіз бе?

Шынымен, мен туралы газетке жазасыз ба? Рас па? — деп таңырқалды.

Әрине, жазамын. Өмірдің қиындығына төзіп, жаман жолға түспей, қателіктерінен сабақ алғаныңның өзі көпке үлгі, — дедім.

— Егер сізге менің тағдырым қызық болса, айтайын. Көптен бері бұлай ешкіммен сырласпаппын, — деген Арман әрмен қарай ақтарыла сөйледі.

«Мен ата-анамның кім екенін білмеймін. Өйткені Орал қаласындағы жетімдер үйінде өстім. 4-5 жасымнан тәрбиеші Аліса апайды «анам» деп ойлайтынмын. Ол жердегі барлық балалар Аліса апайды анасы деп ойлайтын. Кейін есейе келе, ол кісінің біздің анамыз емес, тек тәрбиешіміз екенін білдік. Жетімдер үйінде балаға дұрыс қарамайды, аш-жалаңаш жүреді дегені өтірік. Бізге тәрбиешілер мейлінше жақсы қарады, тамағымыз тоқ, көңіліміз орнында болатын. Менің қорыққаным, 18-ге толғаннан кейін үлкен өмірге араласу еді», — деді.

Арман ата-анасының кім екенін білмейді. Өйткені олар туралы нақты ақпарат жоқ. Ал жетімдер үйіндегі тәрбиешілер әр түрлі әңгіме



орталығынан жұмыс таптық. Сол жерде жатып, жұмыс істеуге болады. Енді сендер үлкен жігіт болдыңдар. Абайлап жүріңдер деп шығарып салды. Дима да, мен де, шыны керек, көлік жөндеуге жокпыз. Ол жерде тұрақтай алмадық. Екеуміз айлығымызды алып, Нұр-Сұлтанға бардық. Күздің кезі болатын. Күн суық, бәрі қымбат. Басында вокзал маңындағы хостелды паналадық. Әр түрлі жұмыс істеп жүрдік. Тиын-тебенімізді жинап, Алматыға келдік. Барахолкада біраз жүк тасушы болдым, арба да

сүйредік. Қолдан келетін жұмыстың бәрін істедік. Базардағы балалармен бірігіп, Өжеттен пәтер жалдалдық. Осыдан үш жыл бұрын Өжеттегі үйдің жанында бізге сол ауданның жергілікті жігіттері соқтықты. Төбелесуге дейін бардық. Арамыздағы жігіт біреуге пышақ сұқты. «Топтасып жасалған қылмыс» деп, төбелеске қатысқан барлығымызды қамады. Өлгі жігіт тірі қалды. Пышақ терең кірмеген екен. Бірақ Диманы, мені, қасымыздағы тағы бір-екі досымыз суық қару қолданды, «адамды өлтірмекші болды» деген айыппен 4 жылға кесілдік. Мен Заречныйдағы түрмеде жазамды өтедім. Қамауда отырғанда көп нәрсені түсіндім. Мандайына не жазылса, соны көресің деген рас екен».

Арман жазасын үш жыл өтеп, бытыр бостандыққа шығыпты. Қазір Алматыдағы көпқабатты үйдің жертелесінде тұрады. Қыста жылы, жазда салқын панасына үйреніп қалғанын айтады.

«Бостандыққа шыққаннан кейін өз-өзіме келе алмай, біраз жүрдім. Темекі, арақ дегенге әуестігім жоқ. Қанша оқталсам да, қаламайтын нәрсенді іше алмайды екенсің. Барахолкада да карантин кесірінен жұмыс бұрынғыдай емес. Қазір жұмыс ұсынатын бағдарламаны жүктеп алғам.

Сол жерге «сау жүргізуші қызметі» дегенге тіркелдім. Демалыс күндері тапсырыс көп. Өйткені ішімдік ішетіндер көбейді. Осылай нәпакамды тауып жүрмін», — деді.

Арман өміріне өкпелемейді. Тек болашақта отау құрып, отбасылы болғысы келеді. Адал еңбек етіп, жұрт қатарлы өмір сүргенді қалайды.

«Жалғыз болған жаман екен. Жаныма серік болатын аруды кездестірsem екен», — дейді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА



Бірлік

Талдықорған қаласындағы Достық үйінің ғимаратынан жыл он екі ай адам аяғы үзілмейді. Осы арадан әр ұлттың әр жастағы түрлі мамандық меңгерген білімпазын, он саусағынан өнер тамған өнерпазын, күміс көмей әншісін, мың бұралған бишісін, темірден түйін түйетін шеберін, кәсіпкері мен ұстазын, ұлт пен ел үшін ерінбей еңбектеніп жүрген еңбекшіл жандарын, қысқасы, сан түрлі мамандық иесін кездестіре аласыз. Сол қатарда жалынды жастығын үйрену мен ізденудің жолында сарп етіп, түрлі шараға үзбей қатысып, өзінің алғабасарлығы мен патриоттығын көрсетіп жүрген жастарды да көп ұшыратасыз. Достық үйі – достық пен келісімнің сарайы, оған қоса, қазақ халқының кеңпейілділігінің, достыққа адалдығының, ешкімді бөліп-жармайтын құшағы кең, көңілі дарқандығының белгісіндей.

Талдықорғандағы Достық үйінде облыстағы 74 этномәдени орталықтың барлық жұмысы жүйеленеді. Кезінде тағдыр талқысына ұшырап, әлемнің әр тұсынан Жетісу жеріне көшіп келіп, тіршілігін жалғаған әр ұлт өкілінің Тәуелсіз Қазақстанның шұғылалы тарихында өз ұлтының мәдениеті мен өнерін, тілі мен ділін, салты мен дәстүрін жоғалтпай, оны заман ағымына қарай бейімдеп, өркендету үшін берілген жаксы мүмкіндік. Еліміздегі ұйыған ынтымақ, ырысы азаймайтын береке, жұбы жазылмайтын бірлікке жол салған тәжірибенің өміршендігіне тәубе дейсін.

Ділназ ЯРМҰХАМЕТ:

ӨЗ ҰЛТЫМ – ӨРЕЛІМ, НАҒАШЫ ЖҰРТЫМ – БЕРЕНІМ



Еліміздегі осындай сүттей ұйыған беркені өзге ұлт өкілдері де жоғары бағалайтыны белгілі. Сол қатарда Асылы Осман, Светлана Гайтова, Атсалим Идигов, тағы да басқа аға буындар әр уақыт айтып, өз ойларын баспасөзде жазып, жұртқа насихаттап жүргенін оқып, біліп жүрміз. Сондай ниеттегі жастардың қатары күн сайын өсіп келеді. Өсе беретіндігі де шындық. «Бак-береке ынтымағы ұйыған жерге қонақтаймын» дегендей, сондай жастардың бірі — Талдықорған политехникалық колледжінің түлегі Ділназ Ярмұхамет. Осы бір қаршадай ұйғыр қызының жалынды істеріне, жарқын келешегіне біраз жылдан бері куә болып келеміз. «Кісі болар кісіні кісесінен таниды» дегендей, Ділназдың жас болса да сауаттылығы, алғырлығы, саяси, мәдени, рухани шаралардағы белсенділігі мен алғабасарлығы жаксы бағаланып жүр. Өйткені, Ділназ қазақ елін өзінің туған жері, өскен мекені, құтты Отаны деп есептейді. Сондықтан ең алдымен осы елдің кемел келешегі үшін қолынан келер барлық жұмысты істегісі келеді. Оның атасы Ярмұхамет өткен ғасырдың орта тұсында Қытай елінен Қазақстанға көшіп келген, бірнеше ағайымымен бірге олар алғашында Жаркент жерін мекендепті. Әулеттерінің шежіресі, еліміздегі әр ұлт халқының береке-бірлігі, Отанға деген ұлы махаббат туралы Ділназ былай әңгімелейді: — Атам Ярмұхамет Токтамов 7 жасында өткен ғасырдың екінші жартысында Қытайдан Қазақстанға көшіп келіпті. Әкемнің анасы, менің үлкен апам соңғы баласын туғанда қайтыс болып, атамның сол жолы өмірге келген қарындасы «арғы бетте» қалады. Оны ұлын атамның достары асырап алып қалған екен. Атам қайтыс болғанша сол қарындасын бір көрсем деп армандаумен өтті. Бірақ көре алмады. Атам бірнеше ағайымымен осы жакқа көшіп келген соң, әрбірі түрлі мамандық иесі болды. Бірі жер өңдеді, бірі бизнеспен, енді бірі мал шаруашылығымен айналысты. Атамның ағасы Сұлтан Жамалдинұлы Өзбекстанда тұрады. Бірнеше кітаптың авторы. «Біздің қайсы ұйғырлар» деген кітабы бар. Оны бірнеше мәрте оқып шықтым. Онда ата-бабаларымыздың

тарихы мен Қазақстанға көшіп келгеннен кейінгі жүрген жолдары, өсіп-өнген ортасы, бүгінгі бақытты өмір туралы терең толғанысы бар.

Атам жас кезінде қолынан қаламын тастамай өлең жазады екен. Кейін басқа саланын тізгінін ұстап кеткендіктен, қаламгерлікпен айналыса алмапты. Бір қызығы, атам мен апам Тамара екеуін өлеңге құштарлық таныстырыпты. Атамның алғашқы өлеңдерін Панфилов аудандық газетінде істеп жүрген апам газетке шығарып тұрыпты. Солай танысып, үйленіп, үйлі-баранды, балалы-шағалы болды. Ол кісілердің Пархатжан, Сақинұр, Мәлика есімді бір ұл, екі қызы болды. Бүгінде бәрі үйлі-баранды, балалы-шағалы, немерелерін өсіріп



осы. Қазіргі достарым да, жакын араласатын құрбыларым да қазақ қыздары. Мектеп қабырғасында жүргенде қазақ классиктерінің шығармаларын көп оқығандықтан да барлық болмыс-бітімім қазақ ұлтының құндылығына бейімделіп кеткені анық. Негізгі арамым қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болу еді. Бірақ анамның тандауы бойынша, колледжде ақпараттық технологиялар мамандығы бойынша оқып шықтым. Дегенмен алдағы уақытта қазақ тілі мен әдебиеті саласында білімімді жалғастырмақ ойым бар.

Дүниеде екі мыннан артық ұлт бар десек, олардың әрбірінің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өмірлік ұстанымы, тарихи қалыптасу негізі болады. Басқаларды айтпағанның өзінде, түркітілдес ұлттар тобына жататын бауырлас халықтардың да өз алдына дербес өмір сүру салты мен тарихи кешірмесі бар. Сондықтан әрбір азамат ең алдымен өз ұлтының тарихын білуге, дәстүрін ұқыптауға, тілі мен ділін сақтауға міндетті. Өз ұлтын терең сүймеген адамның Отанын сүюі, елін құрметтеуі мүмкін емес. Сондай-ақ әр адам өз ата-бабалары жаратқан рухани байлықты білмейінше, санасында болашаққа деген сүйіспеншілік оянбайтыны анық. Әрбір жас өз ұлтының тарихы мен тағылымын терең кастерлегенде ғана туған Отанының қадір-қасиетін түсіне алады. Сонда ол еліне қызмет ететін, туған жерін кастерлейтін, қадірлейтін адамға айналады.

Бүгінгі таңда елімізде өркендеп-өсіп, ұрпақ өрбітіп, ұлттық болмысын тереңдетіп отырған әр ұлт пен ұлыстың өз кешірмесі бар. Олардың дені тоталитарлық жүйенің қысымынан атажұртынан ауа көшіп, қазақ жеріне тұрақтаса, кейбірі өз еркімен қазақ топырағына келіп, тамыр тартқандар. Сол ұлт пен этнос өкілдерін бауырмал қазақ халқы кеудесінен итерген жоқ. Кең құшағын ашып, бауырына қысты. Ысырылып орын беріп, сыпайылық танытты. Ұрпақ өсіріп, ұлттық мәдениетін өркендету мен салт-дәстүрін жаңғыртуға қолда бар мүмкіндіктерді жасап келеді.

үлесі мол. Кесте тігу, қыш ыдыс жасау, жиһаз жасау жағынан да өздерінің айрықша талғамы қалыптасқан. Киім-кешегінде де өзгешелік



басым. Дәстүрлі әдет-ғұрыптар қатан сақталады. Түркілік дәстүрге тән ырым-тыйымдардың да өз алдына ерекшелігі бар. Музыка өнері мен бишілік дәстүрінде де дараланып тұратынын көпшілік біледі. «Мұқам» мен ұйғыр халқының ұлттық биі «Усылды» айта кетсем де жетіп жатыр.

Қысқасы, Қазақстандағы ұйғырлар өз ұлтының осындай қастерлі дүниелері арқылы жалпы қазақстандық өркениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосуда. Мен ел алдында жүріп, этномәдени орталықтардың жұмысына белсене қатысқандықтан, осы дүниелерді терең білуім керек деп есептеймін. Өз ұлтымның құндылықтарын құрметтеу арқылы елімінің өркендеуіне бір кісілік үлесімді қоса аламын. Ал өз ұлтының өткені мен бүгінін салыстырып, зерделеп, санасына тоқымаған адамдар Отанының оған қандай мүмкіндіктер беріп жатқанын ұғына алмайды.

Нағашы атам Имәділ Анарбеков өте қатал кісі болды. Балалары мен немерелерінің қазақ халқының ұлттық құндылығын құрметтеуіне айрықша мән берді. Ол кісілер Панфилов ауданының Әулие ағаш ауылында тұрды. Әулие ағаш ауылы — құт қонған мекен. Нағашыларым қазақы отбасы еді. Бір отбасында өскен Лескен, Шынар, Ұлжан, Ұлтай, Райгүл, Айгүл сияқты нағашы аға-әпкелерім мен өз анам Ләйләні қазақы құндылықтарға баулып өсірген. Қазір бәрі балалы-шағалы болып, үлкен шаңыраққа айналды. Менің балалық шағымның дені нағашыларымның ауылында өтті. Бала күннен қазақ халқының дүниетанымы, кісілік ұстанымы, тал бесіктен жер бесікке жеткенге дейінгі аталып өтетін мереке-мейрамының бәрін көріп өстім. Сондықтан ол туралы білетінім көп.

Осыдан екі-үш жыл бұрын «Достық үйінің» ұйымдастыруымен Көлсай көлінде «Қымызмұрындық» деп аталатын үлкен шара өтті. Сол шараға қатысқан жастар арасында қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігі жайлы сайыс ұйымдастырылды. Сол кезде біреулер: «Ұйғырдың қаршадай қызы қазақтың салт-дәстүрін керемет меңгеріпті» деп сыртымынан мақтап жатты. Мен де нағашымның ауылында, қазақы құндылыққа қатал қарайтын нағашы атамның тәрбиесінде өскенімді айтып, бір маркайып қалдым. Екі ұлттың құндылығын тең меңгергенім, тел емгенім түрлі шараларда болсын, этносаралық сайыстарда болсын, дараланып тұрады. Сондықтан мен «Өз ұлтым — өрелім, нағашы жұртым — беренім» дегенді жиі айтамын.

Жалпы адамды орта өсіреді. Егер сен мәдениетті, рухани бай, болашаққа үмітпен қарайтын ортада ержетсен, онда жан-дүниен де соған бейім келеді. Бүгінде көп жетістікке жетіп, жұрт алғысына бөленіп жүргенімнің бір ұшы да осы өскен ортамның ықпалынан. Мен үшін Талдықорған қаласындағы политехникалық колледжге оқуға түсу үлкен өмірге баспалдақ болды. Өйткені бұл оқу орнында Жетісудың түкпір-түкпірінен жиналған жастар болашақ мамандықтары үшін жан-жақты білім алады. Оқи жүріп, облыс орталығында өтетін түрлі деңгейдегі байқауларда бақ сынауымызға мүмкіндік тудырды. «Көре-көре көсем болады» дегендей, алғашында есігін жүрексіне ашқан «Достық үйі» бүгінде менің екінші үйіме айналды. Облыстық тілдерді дамыту басқармасы тарапынан жыл сайын өтетін түрлі байқаулар біліктілігімді шыңдауға шабыт берді. Осындай шаралармен біте қайнасып жүріп, рухани шараларға да жиі шақырту ала бастадым. Ол жерде өзімнің туған еліме, оның жастарға жасап отырған оң саясатына куә боламын. Этнос өкілдерінің өркендеп-өсуіне ықпал еткен маңызды шаралардың ұдайы басы-қасынан табыламын. «Сөйлей-сөйлей шешен боласын» дегендей, «Көркем ой», «Көркем сөз», «Үш тұғырлы тіл» атты пікір сайыстарға қатыса жүріп, өз ойын терең жеткізудің, қарсыласты дұрыс пікірімен мойындаға білудің жолын үйрендім. Нәтижесі де аз болмады. Ең бастысы, осы жетістіктерім Отанымның патриоты болып қалыптасуыма мұрындық болды.

Осы орайды мені тәрбиелеген ұстаздарыма, өз ортамда жиі араласатын әріптестеріме, құрбыларыма алғыс айта кеткім келеді. Жакын араластағындарымның дені қазақ жастары болғандықтан, олардан алған ізгі қасиеттерім алға жебеіп келеді. Сол құрбыларыммен бірге еліміздің болашағына бүкіл күш-жігерімді арнаймын деп сендіремін!

Еліміздегі аға-буын өкілдері өздерінің ақыл-парасаты арқылы Қазақстанның іргесін шайқалтпай, жүгін жолда қалдырмай, береке-бірлікті мызғамас қорған етіп, отыз жылдық шұғылалы тарихты жасады. Елдің келешегі ендігі жастардың қолында. Егер жастар батыл, білікті,

ынтымақты, өз елінің патриоты бола білсе, Тәуелсіздігіміз тең тартып, мәңгілікке кете берері анық. Оған сенім де бар. Қасиетті қазақ жері — қашаннан береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың құт мекені. Біздің ең үлкен байлығымыз — тұрақтылық пен ынтымақ!

**Жазып алған
Қажет АНДАС,
Алматы облысы**

Осы жігітпен алғаш кездескенде Расул Ғамзатовты көргендей болдым. Кәдімгі «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай, Жыр жаза алмай жүрмін мен Расулдай» деп Мұқағали жырлаған авардың атақты ақыны Расул Ғамзатов. Сұңғақ кеуде, тік иек, қыр мұрын. Аз сөйлеп, көп тыңдайды.

Кайдансын?
Аралданмын...
Көкірегім шым ете қалды. Мен де Сыр перзентімін. «Аралдан әйгілі кім бар?» десе, Әбдіжәміл Нұрпейісовті, Құдайберген Саржановты, қатар жүрген Қуаныш Жиенбайды о заманнан білемін. Олар екі-үш ауыз сөзден кейін-ақ Аралды тілге тиек етеді. Бұл да іркілмей Аралды айтып қалды. Айтқанда, Аралда туғаны — мақтаныш, теңіздің қазіргі қасиеті — күйініш. Аралға құя алмай тұрған Сырдария сағасындағы Шиелі перзенті — менін де хал-күйім онша емес. Екеуміз бір күн, бір түн егіз қозыдай бас қосып, «екі жетімнің» жырын жырладық. Оңталап ақын екен. Ақын атаулы өленді туған жері мен анасын жырлаудан бастайды. Бұл да Арал десе, жанының жартысын беруге әзір тұр. Әуелі ақын деген кім өзі, қандай болмыс? Тіпті «Ақынға керек ақыл көп, Ақыматтық керек аздаған» деп Қадыр да жырлаған. Оңталаптың өзін тыңдайық.

Өлмеске өлең болып өтеледі.
Нар көтермес жүзінді көтереді.
Сую үшін жаралған қайран жүрек,
Жар етіп жақсылықты некеледі.
Құлай сүйіп, жсіркеңіп жек көреді.
Барлығын да басынан өткереді.
Айға үні ұлығанмен жетпей-тұғын,
Ақын деген киелі көк бөрі еді.

Байқайсыз ба, сөзі де, өзі де көк бөрі тектес. Өлеңі — алдында, арманы



ОҢ ЖОЛ

— артында қол бұлғап тұр. Жақсы мен жаманды жасыра алмайды. Жүрегі ашық, нағыз ақын мінез.

Киеге бас ұрады, құдайшылығы бар. Қорқытты жазған қалам тегін емес. Иран-ағам неге Қорқыттың қобызынан айрылмайды, киеге бас ұрсаң, қасиет қонады. Ол батағөй боп басқаларға ақжол тілеп тұрады. Мұны Оңталап та біледі, біліп тұрып, Қорқыт-қобыздың сарынын жан-тәнімен беріле тыңдайды. Карашы:

Қорқыт!.. Бабамыздан қалған
Қобыз — өкініш пен арман.
Тыңдасаң, сыр айтады,
Мәлтідеп, мұң айтады.
Қорқыт — Тәңірімнің тегі.
Қобыз — дүниенің шегі —
Шежіре шер — дастаны,
Өнердің алдаспаны.
Оғыз!.. Ұрпақтары тірі,
Қобыз — Тәңірімнің үні.
Бозінген Боздағаны —
Жүректі қозғағаны.
Қорқыт!..

Қорқыт пен қобызды тек жүрегінің түгі барлар ғана жаза алады. Бұл жерде аяқты ұшымен басқандар немесе бауырымен жорғалаушылар жүре алмайды. Бұны Оңталап біледі, біліп тұрып, өзін-өзі жария етеді. Ол — өнер мен өлең алдындағы жігітіннің жиған жүктей тап-таза жан сарайы.

Далада туған жігіт, жусан мен жиде гүлін иіскеп өскен бала даладан көз алмайды. Біз өзі қаланың өгей ұлдарымыз. Біздің бөсігіміз — дала. Қараңызшы, «Пішен» деген өлеңіне:

Пішен,
Орақ басталған,
Шілденің шибұт ыстығы.
Алқынып алқым аш қалған,
Шыдамның түскен ышқыры.
Белінде қайқы орағы,
Азаптың кесер құлағын.
Пішенге кетіп барады,
Шыжыған Шілде шіл адым.
Құдай-ай,
Кімге жылаймыз,
Нар иек аңыз алқымдап.
Пішенмен бірге құлаймыз,
Күлеміз қона қарқылдап.
Көлеңке жүрдай тасалар,
Шөлінді ерін тырнайды.
Мұртынан күліп масалар,
Тұмсықпен тартып сырнайды.
Көк шегір көктен жеркеніп,
Ораққа қолың бармайды.
Жел жасырған желке бұлт,
Күн тасалап қорлайды.
Аспан жерге түскендей,
Ми қайнатып барады.
Жайлап жатып түстенбей,
Күннің өткір орағы.

Сурет емес пе? Бұл сурет аптап ыстықта ай мүйізді орақпен белі бүгіліп пішен орып, су кешіп жүріп, күріштің арашшөбін отаған жасөспірім үшін сондай ыстық.

«Әменгерлік» атты өлеңі — тағдыр, өлең тағдырына аһ ұрған ақын жанайқайы. Мұнда ақынсың ба, мүгедек өлең жазба, жазсаң, мүгедек

Зейнолладай (*Шукіров*) сау өлең жаз, Зейнолла ақынның жырдағы әменгері мен болам деген сарын бар. Оңталапқа бұл шешім жарасады, оның болмысы мен бітіміне, ақындығына сай өлең.

Алғашқы жыр жинағы «Қорқыт-қобыз» ашылмай жүрген ақынның жанартауы десек, осы топырақта қобызға тәу етіп, киені ту ғып ұстаған тағы бір ақын табылды дер едім. «Қорқыт-қобыз» кейіннен ән боп шалқыды, әуен боп қазақ аспанында тебіреніп тұр.

Оңталап Нұрмаханов — театр режиссері, сценарист. Шәмші консерваторияны әрең тәмамдаған



сазгер болса, бұл да «үністетті» әзер тауысқан режиссер. Дипломға қарап қалған білім жоқ, білімді болу әркімнің өз денгейіндегі нәрсе. Ұшірбек Сығайдың «Өнер, мәдениет ұғымдарын сағат тілімен, пайыздық көрсеткіштермен айшықтау мүмкін емес десек, оған ең бастысы, жүрек қалауы, көңіл сүйіспеншілігі сана-сезім інкәрлігі ауадай қажет» деген сөзі осы жігітке арнап айтылғандай. Қызылорда жастар театрын жанұшырып жүріп, тілектестері тіреу болып, өз қолымен құрды, жас ұжым облысымыздан асып, биікке көтерілді. Талай асуларды алды. Ұлт жанашыры Т.Жүргенов туралы қойылым, М.Мақатаевтың «Алғашқы махаббат», Қ.Мұхамеджановтың «Ой, жігіттер-ай!» спектакльдері көпшілік көңіліне жол тартса, маң даланың қос алыбы Ыбырай Жақасев пен Жазылбек Қуанышбаев бейнелерін сомдаған «Екі бала — екі шал» спектаклі тын туынды боп көрермен көзайымына айналды. Осының бәрін еліміздің бір түкпіріндегі құйтакандай жастар театры қойып жатыр дегенде, қолыңды жүрегіне қоясың. Осы киын да құрмеуі көп істің басында көркемдік жетекші Оңталап Нұрмаханов тұр. Уақыт — жүрек іспеттес, жақсыға қуанып, жаманға жабырқайды. Сағат тілі тоқтауды білмейді.

Ақынның жаңа шыққан «Парадария сактары» кітабының беташары болған «Теніз үні» өлеңінің бастауын қарашы:

Мен теңіздің
шуылымын,
Естігенге —

үн-дабыл.
Бар мен жоқтың
буынымын,
Су — өмір де,
Құм — қабір, — деп, қайран өмірге
карама-қарсы тұрып, белін буып, сол
өмірдің күрен бәйгесін ерттеп мінеді.

Мен теңізбін,
тұн суып тұршігіңнін,
Күн астында көміліп,
күрсінгіңнін.
Өлмегенге жолыққан,
өмір анық,
Мен теңізбін,
тірімін, тіршілікпін!

Оу, Оңталабыңыз Пайғамбар жасына енді толып жатыр, құм-қабірі несі деп селк етесін. Ақын ағынан жарылады, ол теңіздей толқып, жанартаудай ағылады. Ол шынжырлап қойса да шынын айтады. Құм-қабір — адамзат мекені. Ол мәңгілік мекенді айта отырып, иман деген ирелендеген бір жылан барын да еске салады. Құм-қабір имандыға да, имансызға да бірдей. Оның көз алдында Қорқыт кетіп барады.

Жігітін не жазса да, туған жерден алшақ кете алмайды. Тіпті «Торғын» деп атау қойып, ел қалірмені болған балықшы нағашысын дәріптеген кітаптың мұқабасына да қайық ескен адамның суретін салыпты. Өмір — теңіз, Адам — қайық ескен пенде. Осы кітап кіндік қаны тамған топыраққа деген жан махаббаты, жақсы адамға деген інкәр сезім дер едім. Балыққа қатысты жүз мақал-мәтелдің басын қосып, тізімін берсе, соның біреуін ғана мысалға келтірейін — «Шортан аудан қорықпас, кедей мұннан қорықпас». Бұл — тізімнің ең басында тұрған нақыл сөз. Өз балығымызды өзіміз аулайтын кезге жеттік, заман тәуелсіз, ұлт бостан, өз қайығымызды өзіміз есіп жүрміз. Бірақ жігіттің көңілі алаң. Адамдар да екіге бөлініп кеткендей. Су таяз, Аралды ат кешіп өтіп жүр. Оу, Оңталап та ел қамын ойлайтын егделікке бет бұрған жоқ па? Жарасып-ақ тұр. Оның өз жолы бар. Әкесі құлағына үш рет айқайлап, «Оңталап!» деп атын қойған.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ

Білім

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы, ректор Ж.Түймебаев Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында онлайн-брифинг өткізді.

БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуде жетекші университеттің 2020-2022 жылдардағы басты нәтижелері мен жетістіктері және алдағы даму жоспары таныстырылды. Ректордың айтуынша, бүгінде Әл Фараби атындағы ҚазҰУ — әлемдегі 200-топ үздік ЖОО қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз университет. QS жаһандық рейтингі бойынша білім ордасы 165-орында. Ұлттық рейтингтерде де үнемі көш бастап келеді. Университет мемлекеттік және

ЖЕТІСТІК пен НӘТИЖЕ



халықаралық стратегиялық міндеттерді шешуде айтарлықтай әлеуетке ие. Алыс және жақын шетелдің 500-ден астам жетекші университеттерімен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Іске асып жатқан жобалардың жалпы бюджеті 7,7 млрд теңгеден асады. 2020 жылы университет беделді «Вэб оф Сайнс» деректер қорының «Ғылым көшбасшысы» сыйлығының үш номинациясына ие болды.

ҚазҰУ ғалымдары COVID-19 індетінің алдын алуға белсенді атсалысуда. Британдық «AVEVA Group plc» компаниясымен бірлесіп, Инженерлік жобалау орталығы құрылды. Ол — компанияның Орталық Азиядағы алғашқы өкілдігі.

Университет жаһандық трендтерді ескере отырып, жана бағдарламаларды енгізуде. Атап айтқанда, Нейроғылым, Креативтік индустрия, Цифрлық экономика, Экологиялық инжиниринг, Медиа-коммуникация-лар, Деректер туралы ғылым, Цифрлық мұрағаттану және құжаттану, Басқарудың интеллектуалдық жүйелері, Наноматериалдар және нанохимия.

Жоғары оқу орнындағы басымдықтардың бірі — студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету. Қазіргі таңда бір мыннан астам әлеуметтік осал санаттағы «оқу озаттары» мен «жақсы окитын» студенттер оқу ақысына 10-нан 25%-ға дейін жеңілдік алып отыр. Демеушілер қатарында 50-ден астам ұйым мен компания бар.

Университетте кадрлық әлеуетті дамытуға ерекше назар аударылады. Ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысы 20%-ға өсті. Оқытушылардың мәртебесі және олардың университет дамуына қосқан үлесі артып келеді. Оқу орнында оқытушылардың халықаралық қауымдастыққа енуіне де үлкен көңіл бөлінеді.

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша білім және ғылым министрлігі жыл сайын 500 қазақстандық ғалым шетелдік тағылымдамадан өтеді.

Университетке халықаралық деңгейдегі ғалымдар, АҚШ және Еуропа ЖОО-ларында, оның ішінде Кембриджде сабақ беру тәжірибесі бар Уалбай Өмірбаев және Базбек Дәулетов сынды профессорлар тартылған. Университеттің 400-ден астам оқытушысы — «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері. Бұл елдегі жалпы грант санының 20 пайызын құрайды.

Қазіргі уақытта университет карантиндік шараларды ескере отырып, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған ауқымды республикалық және халықаралық іс-шаралар өткізуде. 19 мамырда көрнекті ақын О.Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойына арналған халықаралық онлайн-конференция ұйымдастырылса, 31 мамырда «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі қалыптасуының саяси-құқықтық және экономикалық мәселелері: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Елбасы саябағы» ашылды.

Қазақстан Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне бой түзеген жеміс бағында 300-ге



жуық алма, шие, өрік ағашы отырғызылды. Ұлыстың ұлы күні қалашықта «Ағаштар аллеясы» ашылды. Онда ұжыммен бірге жалпы саны 300-ден астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы отырғызылды.Ғылым қызметкерлері күнінде Сиверс алмасының 100-ге жуық көшеті егіліп, ол «Ғалымдар бағы» деп аталды.

ҚазҰУ ректоры өз сөзін былай түйіндеді: «Әл Фараби атындағы ҚазҰУ білім және ғылым саласында айтарлықтай нәтижеге ие. Біз университетте 2021-2025 жылдарға арналған негізгі басымдықтарды кенінен талқылаудан өткіздік. Ұжым ел ауқымында стратегиялық міндеттерді шешуге және университетті одан әрі дамытуға ниетті».

Бақытжан
АМАНЖОЛҚЫЗЫ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИНА



www.jasqazaq.kz



Қазақ қыздарынан ғана емес, Орталық Азия елдерінің нәзік жандылары арасынан алғаш болып киномеханик атанған Рәпия Халықова 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

КСРО кинематография саласының озық қызметкері, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қордай, Жамбыл аудандарының Құрметті азаматы Рәпия Халықова туралы 1985 жылы режиссер Ораз Әбішев деректі фильм түсірді.

1969 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Президиумы кинематографияға қосқан үлесі мен халықты рухани, мәдени өнермен сусындатқан еңбегін ескеріп, Рәпия Халыққызын Құрмет грамотасымен марапаттады. 1974 жылы «Жамбыл облысының құрметті киномеханигі» атанды.

Тек қазақ қыздарының арасынан ғана емес, Орталық Азия елдерінің ішінен алғаш болып киномеханик атанған Рәпия Халыққызының қайсарлығы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық кинематография қызметкерлерінің съезінде айқын аңғарылады. Империяның жүрегі



өзенінің аңғарынан үй сатып алыпты. Кейін бұл үй қызы Әселге қалған. Бірақ Халық «халық жауы» болып айдалып кеткен соң, ол үйді біреулер меншіктеп алып, екі жетімін жетелеп келген жесір әйелге бермей қояды. Өмірдің азабын аркалап, теперішті көп көрген жанға бұл ауыр соғады. Әрине, өзінің әкесі жиған дүниесін сатып, пулына алған баспананы біреулер тегіннен-тегін иемденіп, бермей қою да қорлық қой. Олар мұндайды да көрді және салмағы иығына батқан зілмауыр

соң да бейбіт өмір майданында алдыңғы шепте жүрді. Сол кездегі Абай атындағы педагогикалық институтты бітіріп, ағарту саласында жемісті еңбек етіп, 40 жыл шәкірт тәрбиеледі. Оқу ісінің үздік қызметкері болды, Қордай ауданының Құрметті азаматы атанды.

Рәпия апанын киномеханик саласына келуіне туысқан жамағайыны Танатар Оспанов себепкер болған екен. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда үй шаруасында отырған жетгесіне ұсыныс айтып, колхоздың ескі қоймасын тазалап, әктеп, сырлап, кино қоятын орын жасау үшін қасына шақырады. Ауылға кино клуб ашу ол уақытта аса қиын шаруа еді. Жомарттың қолын жоктық байлайтын заманда Танатар қайынысы бастаған топқа еріп, кино көретін орынға айналдырып, киноаппаратты қосуды, айналдыруды, өшіруді біртіндеп үйреніп алады. Аудандағы мәдениет саласына жауаптыларға хат жаза жүріп, КН-16 киноаппаратын алдырады. Танатар оқыстан келген ажалдан дүние салған соң, киноаппарат тізгінін Рәпия Халыққызы қолына алады. Өзі бел ортасында жүріп құрған кино клубының жұмысын ақсатпай ары қарай жалғап өкестуді ұстазы бола білген қайынысының алдындағы борышы санайды. Кәсіби білім алуды көздеп Алматыдағы кинотехникумға тапсырады. Өктем ұлттың өркестушілігі өкірендеп тұрған заман емес пе, «қазақ

ауыр азапты қайыспай көтеріп шықты.

1951 жылы Иірсу деген ауылға келін болып түсіп, Ордабай Сәдібекұлымен бас құрап, шаңырақ көтереді. Ана бақытына кенелген жан сегіз перзентін өмірге әкеліп өсірді. Рәпияның басына жаулығын тағып, ақ босағаны оң аяғымен аттаған үйде бұған дейін Жетісу ән өнерінің өзіндік соқпағын қалыптастырған Кенен Әзірбайұлы тұрған екен. Міне, осы құт қонып, береке дарыған шаңырақта бас құраған екі жастың жұбы жазылмастан 60 жылдай бірге ғұмыр кешті. Отбасы, ошақ қасының тіршілігінен қолы қалт еткенде өзінің жүрек қалауымен меңгерген киномеханик кәсібіне де адалдық танытып, абыроймен атқарды.

Ордабай Сәдібекұлы Отан алдындағы борышын өтеуге 1939 жылы аттанады. Сол мезгілде екінші дүниежүзілік соғыстың оты бүрк ете қалсын. Сәдібектің баласы соғыстың бел ортасында жүріп, жеңісті мерекелеп, 1946 жылы жапон соғысына да қатысып, бір-ақ оралады. Жеті жылдың соғысқа жалматқан майдангер елге оралған

Қуан КӨШЕК



Бірер күн бұрын Алматы төріндегі Есентай өзенінің жағалауында 75 түп ағаш отырғызылды. Бұл шара Eurasian Environmental Fund (EEF) коммерциялық емес ұйымы, Mastercard, Еуразиялық банк және

Алматы қаласы әкімдігі жасыл экономика басқармасының бастамасымен жүзеге асты. Жиын барысында жоғарыда атаған ұйымдар мен қалалық жасыл экономика басқармасы арасында Алматыда көміртегі үлесін азайту мақсатында экологиялық жобаларды іске асыруды көздейтін ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Аллеяға тал егілгенде карантиндік шаралар мұқият ескеріліп, жұмысты мамандандырылған компания жүргізді. Еуразиялық банк жақсы жерсінуі үшін 75 ағашты өз топырағымен бірге отырғызуды қаржыландырды. Қаржы ұйымы, сондай-ақ алдағы екі жыл бойы аллеяны күтіп-баптау шығынын өз мойнына алды. Жиын барысында сөз сөйлеген Алматы қаласы әкімдігі жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинская әсем шаһардың экологиясына бей-жай қарамаған жобаға қатысушыларға шынайы ризашылығын білдірді. Ол: «Біз былтыр қала бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, 282 мың ағаш отырғыздық. Бұрын қалада жылына егілетін тал 30-40 мың шамасында болатын. Көгалдандыру жұмыстары негізінен Алатау және Наурызбай аудандарының аумағында жүргізілді. Көктемде 64 мың көшет бой түзеді. Жалпы жыл соңына дейін 300 мың жас тал отырғызуды жоспарлап

Алматы жасыл желекке оранады



отырмыз. Сондықтан қала әкімінің 1 миллион ағаш отырғызу жөніндегі бастамасын қолдау жөніндегі бизнес пен қоғамның кез келген көмегін қуана қабылдаймыз», — деді.

Жобаға қатысушылар мен журналистер қауымы 75 түп ағашқа су құйды. Жиынға арнайы келген Eurasian Environmental Fund КЕҰ бас директоры Роза Нұртазина осы жоба жайлы өз пікірін былай жеткізді: «Біз қалалар мен олардың төңірегіндегі экологиялық ахуалды жақсарту үшін мемлекеттік органдармен, бизнес өкілдері, қоғамдық ұйымдармен және экоқошбасшылармен бірлескен түрлі табиғат қорғау шараларын іске асырмақшымыз. Біздің мақсатымыз — жаһандық экологиялық сын-кәтерлерге назар аудару және оларды шешу үшін нақты іс-қимылды жүзеге асыру. Осы мақсатпен 2021 жылдың 13 мамырында «Астана халықаралық қаржы орталығында (АХКО) Eurasian Environmental Fund (EEF) коммерциялық емес ұйымы тіркелді. Ол АХКО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен жүзеге асты».

АХКО Жасыл қаржы орталығының бас директоры Айдар Қазыбаев өз сөзінде: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2060 жылға қарай Қазақстанды көміртегіге тәуелділіктен арылту міндетін қойды. Оны іске асырудың бір тәсілі — қалаларда көгалдандыру ісін қарқынды жүргізіп, жасыл технологияларды енгізу. АХКО Қазақстанның экологиялық бағдарламасына белсене атсалысып, бизнес пен қоғамдастықты ынталандыру үшін қажетті инфрақұрылымды құрады», — деді.

Еуразиялық банк жасыл қаржы технологиясын пайдалана отырып, өз дамуының жана кезеңін бастайды. Енді қала экологиясына үлес қосқысы келген әрбір адам кез келген қазақстандық банктің төлем картасы арқылы ағаш отырғызуға қаражат аударуға мүмкіндік алады. Алғашқы NFC-постерлер қаладағы адам көп жүретін ірі сауда орталықтарында орнатылады.

Еуразиялық банк Басқармасының төрағасы Валентин Морозов банктердің қызметі тек қаржылық көрсеткіштермен және сауатты



басқарумен ғана бағаланбайтынын атап көрсетті. Ол: «Банк қоғамның әлеуметтік және экологиялық дамуына (ESG) атсалысуы тиіс! Біздің банктің күш-жігері жасыл экономика жобаларын қолдауға және достыққа арқа сүйейтін экологиялық банк сервисін құруға бағытталмақ. Бұл қашықтан қызмет көрсету арналары мен онлайн-төлемдерді дамыта отырып, пластик пен қағаз пайдалануды біртіндеп азайтып, қайта жаңғыртылмайтын ресурстарды оңтайлы жұмсайтынымызды білдіреді. Біз арнайы банк өнімдері арқылы клиенттерімізбен бірге ағаш отырғызуды жалғастыратын боламыз», — деді.

Бұл жобаның оң өзгерістерге алып келетініне сенімдімін. Қоршаған ортаны қорғау — ортақ ісіміз!», — деді ол.

Ал Mastercard компаниясының Орталық Азиядағы бас директоры Рафал Трэпка былай дейді: «Бүгінгі таңда климаттың өзгеруі әрқайсымызға өзінің кері әсерін тигізуде. Бұл, әсіресе, халықтың әлеуметтік-экономикалық осал топтарына оңай соқпайды. Біз бұл жағдайда бизнес экологиялық жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс деп санаймыз. Өйткені ғаламшардың ресурстары сарқылып жатқанда, экономикалық өрлеуге қол жеткізу мүмкін емес».

Жобаға қатысушылардың басты мақсаты — Алматы экологиясын жақсартуға үлес қосу. Қала тұрғындарына таза ауа, жайлы өмір сыйлау. Шаһа ұйымдастырушыларының айтуынша, мұндай жоба алдағы уақытта да жалғасын табады.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2264;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.